

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 141 (9459) || 1954 жылғы 17 июль Сенбі || Шығуына 35 жыл және саны 20 тыйын.

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

- В. Певкин.—Комсомолецтер жарыста алда келеді (2-бет).
- А. Сейтбеков.—Бүзгі сыңға қалдырылған оқушылар арасындағы жұмысты жақсарту барысында (3-бет).
- Александр Смердов—Құлынды даласында (3-бет).
- З. Сүлейменов.—Жаңа оқу жылын үлгілі әзірлікпен қарсы алмақ (3-бет).
- Бүкілқазақстандық жетінші спартакиада (4-бет).
- Шетел хабарлары (4-бет).

Ауыл-селодағы бұқаралық-саяси жұмыстың дәрежесі жоғары болсын

Бүкіл еліміздегі сыяқты облысымыздың еңбекшілері де ауыл шаруашылығы саласындағы кезек күттірмейтін жауынгерлік міндеттерді белгілеп берген Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің июнь Пленумының қаулысын асқан зор қанағаттанғандықпен қарсы алды. Пленум белгілеген шаралар колхоз, совхоз өндірісінің барлық саласын жедел өркендетуге, егін орағына үлгілі әзірленіп, оны ойдағыдай өткізуге, ауыл-шаруашылық өнімдерін дайындауды және сатып алуды үлгілі жүргізуге бағытталған.

СОКП Орталық Комитетінің Пленумы жергілікті партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық органдарын, колхозшылар бұқарасын, МТС пен совхоз жұмысшыларын егін шығарушыларын едәуір арттыру, астықтың және басқа да ауыл-шаруашылық дақылдарының жалпы түсімін молайту, мал шаруашылығынан көп өнім алу күресіне жұмылдыра білуге міндеттеді. Олай болса, кәзіргі уақыттағы ең басты міндет — егінге мезгілінде, ұқыпты күтім жасалуын, егін жыйнау-дың ең қысқа мерзімде, ысырапсыз өткізілуін, ауылшаруашылық өнімдерін дайындауды және сатып алудың мемлекеттік жоспарының толық орындалуын қамтамасыз ету болып табылады.

Бұл міндеттерді ойдағыдай орындауда ауыл-селодағы бұқаралық-саяси жұмысты барған сайын күшейтудің зор маңызы бар. Кәзір жергілікті партия ұйымдарынан СОКП Орталық Комитеті Пленумының қаулысының ауыл шаруашылығының барлық саласын жедел өркендету және еңбекшілердің материалдық әл-ауқат дәрежесін оған сайын жақсарту ісінде аса зор маңызы бар екендігін әрбір колхозшының, МТС пен совхоздың әрбір жұмысшысының санасына жеткізіп түсіндіру талап етіледі. Партия ұйымдары колхозшы шаруалар мен МТС, совхоз жұмысшыларын СОКП Орталық Комитетінің июнь Пленумының қаулысын аброймен жүзеге асыруға жұмылдыра білуге тиіс.

Облысымызда селодағы бұқаралық-саяси жұмысты кең көлемде және жоғары идеялық дәрежеде, алда тұрған негізгі шаруашылық міндеттермен тығыз ұштастыра жүргізіп келе жатқан партия ұйымдары аз емес. Мұндай ұйымдардың қатарына Петропавл ауданындағы «Қазақстанның

лар арасында, әрбір бригада мен әрбір фермада саяси жұмыстың ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету жөнінде партия мен үкмет алға қойған міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыру ісіне тығыз байланыстырыла жүргізілуін қамтамасыз ете алмай отыр. Әсіресе, үгітшілер еңбектің тасқындап қайнаған жерлерінде — бригадалар мен мал фермаларында оқшау текте гана болады. Сондықтан да олар колхозшылармен «қол тигенде», андасанда гана әңгіме өткізеді. Колхоз партия ұйымы, керек десе, осы күнге дейін СОКП Орталық Комитетінің июнь Пленумының қаулысын колхозшылар арасында түсіндіру ісін де кеңінен ұйымдастыра алмай отыр.

Мұнда бұқаралық-саяси жұмыстың нашар ұйымдастырылуы неге әкеліп соғып отыр? Бұл еңбек өнімділігінің төмендеуіне, техника қуатының нашар пайдаланылуына, ауылшаруашылық жұмыстарының сылбыр жүргізілуіне әкеліп соқты. Мәселен, бұл колхозда келеді жылдың егісі үшін пар жұрту жоспары орындалмады, егінді күту, егін орағына әзірлік, жемшөп дайындау, ықтырма егу жұмыстары баяу, сапасыз жүргізіліп келеді.

Бұл, Соколов ауданындағы жалғыз Қазақстан атындағы колхозға тән жағдай емес. Ауданның басқа да бірнеше колхоздарында бұқаралық-саяси жұмыстың дәрежесі дәл осы сыяқты төмен. Бірқатар колхоздарда егіншілер мен мал өсірушілер арасында саяси жұмыс шаруашылық міндеттермен ұштастырылмай жалаң, идеялық төмен дәрежеде жүргізіледі. Мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысы нашар, олар әлі де болса, селодағы үгіт-бұқаралық жұмыстарының шын мәніндегі орталығына айналдырылмаған.

Жағдай Преснов ауданындағы Майбалық МТС-нің қамтуындағы колхоздарда да маз емес. Мысалы, осы МТС-тің қамтуындағы Аманкелді атындағы, Калинин атындағы колхоздарда бұқаралық-саяси жұмыс кәзіргі талапқа сай ұйымдастырылмаған. Мұнда партия ұйымдары үгітшілердің жұмысына күнбе-күн, жанды басшылық жасап, олардың ауыл шаруашылығын жедел өркендету жөнінде алға қойылған зор міндеттерді колхозшылар бұқарасына кеңінен түсіндірілуіне жетісе алмай жүр.

Қоғамдық мал үшін жемшөп жеткілікті мөлшерде дайындалсын

Озат пішеншілер

Октябрь ауданындағы Чапаев атындағы ауылшаруашылық артелінің мүшелері қоғамдық мал азығының берік базасын жасау мақсатымен пішен дайындау жұмысының қарқынын күннен-күнге күшейтуде. Колхозда екі тракторға тіркелетін 8 кеңалымды және бір өздігінен жүретін шөп машиналары жұмыс істейді. Машинистер өзара социалистік жарысқа ұштаса отырып, техниканы іскерлікпен пайдаланудың нәтижесінде өздерінің күндік тапсырмаларын орындау күресінде ілгері қадам басқандық және халқымыздың мал шаруашылығы өнімдеріне, жеңіл өнеркәсіптің шикізатқа деген қажетін толығынан қанағаттандыруға келеді үлес қосқандық болып табылады.

Колхоздарда мал шаруашылығының барған сайын өркендей түсуі—мал азығының берік базасы жасалуына байланысты. Ол үшін біздер, МТС механизаторлары, бұл жөнінде колхозшы-шаруаларға нақтылы ісімізбен көмек көрсете білуіміз керек. Осы мақсатпен үстіміздегі жылы «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында өздігінен жүретін шөп машинасымен 1700 гектар жердің пішенін шабуға міндеттеме алдық.

Мал азығын дайындауға кірісер алдында машинаны іске сапалы әзірледім. Машинаның әрбір бөлшегі сапалы жөндеді. Әсіресе, машинаның двигателі мен кесуші аппараттарына жете назар аударылды. Шөп шабуға шығар алдында машина сапалы жөндеуден өткізілді және ауыстырып отыруға қосымша шалғылар алынды.

Менің жұмыс істейтін колхозымда шабындық жерлердің көпшілігі жазық учас-токтер. Бұл жерлерден өнімді мол алу үшін шөпті төмен шабу керек. Ал, еңбектің өнімді болуына жетісу міндеті жұмыс уақытын тиімді пайдалануды талап етеді. Мұнымен бірге, машинаның тоқтаусыз жұмыс істеуіне барлық жағдайлар

СОКП Орталық Комитеті июнь Пленумының қаулысы Пушкин атындағы кол-

ҚОҒАМДЫҚ МАЛ ҮШІН ЖЕМШӨП ЖЕТКІЛІКТІ МӨЛШЕРДЕ ДАЙЫНДАЛСЫН: М. Мусин.— Озат пішеншілер. Г. Абросимов.— Жарысушы екі звенода. К. Қаленов.— Жемшөпті көптеп дайындау жолында. Т. Тоғыбаев.— Қоғамдық мал сумен қамтамасыз етілсін. Б. Жақыпов.— Колхоз басқармасының кінәсінен.

М. Зағыпаров.— Колхоз жастарының үлгісі (1-бет). БЛКЖО Орталық Комитетінің пленумы (2-бет). ЕГІН ЖЫЙНАУҒА ДЕРКЕЗІНДЕ, ТЫҒЫЛЫҚТЫ ӘЗІРЛЕНЕ-ШК: И. Черняев.— Белсенділіктің нәтижесі. В. Кроткович.— Сөзімізге ісіміз сай болады. (2-бет).

Жемшөпті көптеп дайындау жолында

Колхозшы-шаруалар қоғамдық мал ба-сын көбейтіп, оның өнімділігін арттыру күресінде қажырлылықпен еңбек етуде. Олар жылдан-жылға фермаларда мал ба-сын көбейтіп келеді. Мұның өзі СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының тарихи қаулысын орындау күресінде іл-гері қадам басқандық және халқымыздың мал шаруашылығы өнімдеріне, жеңіл өнеркәсіптің шикізатқа деген қажетін толығынан қанағаттандыруға келеді үлес қосқандық болып табылады.

Колхоздарда мал шаруашылығының барған сайын өркендей түсуі—мал азығының берік базасы жасалуына байланысты. Ол үшін біздер, МТС механизаторлары, бұл жөнінде колхозшы-шаруаларға нақтылы ісімізбен көмек көрсете білуіміз керек. Осы мақсатпен үстіміздегі жылы «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында өздігінен жүретін шөп машинасымен 1700 гектар жердің пішенін шабуға міндеттеме алдық.

Мал азығын дайындауға кірісер алдында машинаны іске сапалы әзірледім. Машинаның әрбір бөлшегі сапалы жөндеді. Әсіресе, машинаның двигателі мен кесуші аппараттарына жете назар аударылды. Шөп шабуға шығар алдында машина сапалы жөндеуден өткізілді және ауыстырып отыруға қосымша шалғылар алынды.

Менің жұмыс істейтін колхозымда шабындық жерлердің көпшілігі жазық учас-токтер. Бұл жерлерден өнімді мол алу үшін шөпті төмен шабу керек. Ал, еңбектің өнімді болуына жетісу міндеті жұмыс уақытын тиімді пайдалануды талап етеді. Мұнымен бірге, машинаның тоқтаусыз жұмыс істеуіне барлық жағдайлар

СОКП Орталық Комитеті июнь Пленумының қаулысы Пушкин атындағы кол-

тұрызылуы керек. Машинаның тоқтаусыз жұмыс істеуі оған техникалық күтімнің уақытылы жүргізілуіне тығыз байланысты. Мен тәулігіне екі рет техникалық күтім жүргіземін. Оның бірі — таңертеңгі жұмыс басталғанға дейін жүргізіледі, екіншісі түскі үзіліс кезінде жүргізіледі. Бұл уақыттарда двигательдің жұмыс істеуі байқалады. Әрбір бөлшектің жұмыс істеуі тексеріліп, босаған винттері мен гайкалары қатайтылып бұралынады. Кесуші аппараттары майланады.

Шабындық жерлерде өсетін шөптің көпшілігі боз шөптер. Бесы күндері бұл шөптер қатайды да, шалғының тез мұқалуына себеп болады. Сондықтан біз күн сайын шалғыларды ауыстырып отырамыз. Мұқалған шалғылар қайралып, дайын тұрады.

Машинаны техникалық күтімде ұстай білу және жұмыс уақытын тиімді пайдалану еңбектің өнімді болуына негізгі себеп болып отыр. Мен күн сайын 30 гектар орнына, 35 гектар жердің пішенін шабамын. Кей күндері 40-45 гектар жердің пішені шабылады. 10 июльге дейін 700 гектар жердің пішенін шаптым.

Біздің колхоздың колхозшылары және осы колхозда жұмыс істеп жүрген МТС механизаторлары СОКП Орталық Комитеті июнь Пленумының қаулысымен танысып, оны зор қуанышпен қарсы алды. Кәзіргі уақытта колхозшылар мен механизаторлар бұл қаулыны орындау үшін қажырлы еңбек етуде. Мен шөп шабу-ды алған міндеттемемді аброймен орындап шығып, бұл қаулының мінсіз орындалуына өз үлесімді қосамын.

К. ҚАЛЕНОВ,
Сартомар МТС-нің өздігінен жүретін шөп машинасының машинисі.

Колхоз басқармасының кінәсінен

Өткен жылы Шолудень ауданындағы «Красный Октябрь» колхозында мал азығын дайындау, мал қораларының құрылыс жұмыстарының жоспары орындалмаған еді. Мұның өзі колхозды мал қысқатуда үлкен қиыншылықтарға әкеліп соқтырды. Мал шығыны болып, оның өнімі төмендеді. Колхоз басқармасы, оның председатели Голушко жолдас бұл кемшіліктерден тиісті қорытынды шығарып, барлық жұмысшыларға әкеліп соқтырды. Мал шығыны болып, оның өнімі төмендеді. Колхоз басқармасы, оның председатели Голушко жолдас бұл кемшіліктерден тиісті қорытынды шығарып, барлық жұмысшыларға әкеліп соқтырды. Мал шығыны болып, оның өнімі төмендеді. Колхоз басқармасы, оның председатели Голушко жолдас бұл кемшіліктерден тиісті қорытынды шығарып, барлық жұмысшыларға әкеліп соқтырды.

Колхозда мал жайылымы күні бүгінге дейін дұрыс пайдаланылмай келеді. Соның салдарынан сыйырлардың сүттілігі төмендей кетті. Жоспар бойынша әрбір сыйырдан жылына 1600 литрден сүт алынуға тиіс. Ал, өткен бес айда әрбір сыйырдан шабары 534 литрден гана сүт алынды. Колхоз басшылары фермадағы сауыншылардың жұмысымен танысып, орын алған кемшіліктерді дереу зқоу мәселесімен шұғылданбайды. Сыйырларды тәулік бойы жайылымдарда бағуды ұйымдастырмайды.

Мал шаруашылығын өркендету, мал азығының берік базасының жасалуына байланысты. Бірақ, колхозда пішен дайындау қарқыны баяу. Қолда бар шөп машиналары мен ат тырнауыштары әлі күнге дейін жұмысқа толық қатыстырылмай келеді. Соның салдарынан пішен дайындаудағы даңа бригадаларының еңбек өнімділігі де төмен. Бригадалардағы пішеншілердің еңбек өнімділігін арттыруға қажетті жағдайлар туғызылмаған. Міне, осының барлығы колхоздың пішен дайындауда төгісіз артта қалуына негізгі себеп болып отыр.

Колхоз басшылары мал қораларының құрылыс жұмыстарын да бетімен жіберіп отыр. Быйыл жоспар бойынша бір төл үй және қой, қызыр қоралары салынуы керек. Ама! не, колхоз басшыларының бұл мәселеге жете мән бермегендігінен әлі күнге біраз бір...

мын (секретары Ушаков жолдас) қосуға болады. Бұл колхоздың партия ұйымы еңбекшілер арасындағы бұқаралық-саяси жұмысты шаруашылық міндеттермен байланыстырып, әсерлі, нақты жүргізіп келеді. Істің дағдыры шешілетін жерлерде: өндіріс, трактор бригадаларында, мал фермаларында үгіт-бұқаралық жұмысты жүргізуге тәжірибесі мол, іскер үгітшілер—коммунистер мен комсомолецтер, партияда, жоқ активтер бөлінген. СОКП Орталық Комитеті июнь Пленумының қаулысы жарияланғаннан кейін қаулыны колхозшылар арасында кеңінен түсіндіріп насихаттау мақсатымен партия ұйымы үгітшілердің нұсқау-семинарларын өткізді. Онда үгітшілер колхозшылар арасында бұқаралық-саяси жұмысты жүргізу жөнінде бір-бірімен тәжірибе де ауысты. Көзір мұнда үгітшілер өндіріс, трактор бригадаларында, пішеншілер мен малшылар арасында партияның Орталық Комитетінің июнь Пленумының қаулысын кеңінен түсіндіруде.

Осымен бірге колхоз партия ұйымы колхозшылар үшін саяси баяндамалар жасау, лекциялар оқу ісін де ұйымдастырып келеді. Бұған партия, совет активтері, село интеллигенциясы—мұғалімдер, агрономдар, дәрігерлер кеңінен қатыстырылуда. Міне, бұқаралық-саяси жұмыстың нақтылы мақсатқа сай жүргізілуі колхозда егінді күту, егін орауға әзірлік, жемшөп дайындау жұмыстарының ойдағыдай жүргізілуіне қолайлы жағдай туғызуда.

Алайда, фактілер бірқатар жерлерде бұқаралық-саяси жұмыстың ауыл шаруашылығын жедел өркендету жөніндегі партия мен үкмет алға қойған міндеттермен, партия ұйымдарының практикалық жұмыстарымен байланыстырылмай, әлі де болса төмен дәрежеде жүргізіліп келе жатқанын көрсетеді. Бұл жөнінде Соколов ауданындағы Қазақстан атындағы колхоздағы жағдай толық мысал бола алады. Мұнда үгіт-бұқаралық жұмыстарының дәрежесі өте төмен. Партия ұйымы (секретары Ершов жолдас) колхозшы-

сын жедел өркендету мүддесі жергілікті партия ұйымдарынан ауыл-селода бұқара арасында ұйымдастыру және саяси жұмыстарды кең көлемде, жоғары дәрежеде жүргізуді талап етеді. Өйткені, бұқарамен тығбастан табанды жұмыс жүргізу колхозшылар мен МТС, совхоз жұмысшылары арасында еңбек өнімділігінің арттырылуын, істің барлық саласының табысты болуын қамтамасыз етеді.

Жергілікті партия ұйымдары бұқаралық-саяси жұмыстың арқашан әсерлі, нақтылы болуына жетісу үшін оны кең көлемде және идеялық жоғары дәрежеде жүргізуге, онымен ауыл шаруашылығының барлық еңбекшілерінің қамтылуын қамтамасыз етуге тиіс. Көзір селодағы бұқаралық-саяси жұмысты істің тағдыры шешілетін жерлерде: егіс бригадалары мен трактор бригадаларында, дала қостарында, элеваторларда, дайындау пункттерінде, мал фермаларында кең және мазмұнды жүргізу керек. Бұларда партия ұйымдары партия, совет, комсомол, кәсіподақ активтерінен, село интеллигенциясынан тәжірибелі, іскер үгітшілерді іріктеп жіберуге тиіс.

Осымен бірге партия ұйымдары селодағы бұқаралық-саяси жұмыстың барлық күшін социалистік жарыс шарттарының мезгілінде және толық орындалуына бағыттай білулері қажет. Ол үшін барлық жерде саяси үгіттің түрлері мен әдістерін кеңінен қолданып, оны тыңғылықты жүргізе білу керек.

Жергілікті партия ұйымдары мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысына басшылықты жақсартып, оларды ауыл-селодағы бұқаралық-саяси жұмыстың орталығына айналдыруға, еңбекшілерге мінсіз қызмет етуіне жетісуге міндетті.

Ауыл-селодағы бұқаралық-саяси жұмысты партиямыз бен үкметіміз алға қойған зор міндеттермен тығыз ұштастыра жүргізу, сөйтіп, саяси жұмыстың өрен күшін ауыл шаруашылығының барлық саласының жедел өркендеуін қамтамасыз етуге жұмылдыру—облыс партия ұйымдарының бүгін таңдағы ең абройлы міндеті болып табылады.

П. Ф. Ломако жолдасты Ленин орденімен наградтау туралы

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы

ССРО Түсті металлургия министрі П. Ф. Ломако жолдастың туғанына елу жыл толуына байланысты және оның түсті металлургияны өркендету саласында сіңірген еңбегі еске алынып, Петр Фадеевич Ломако жолдас Ленин орденімен наградталсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі **Н. ВОРОШИЛОВ.**
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары **Н. ПЕГОВ.**
Москва, Кремль 15 июль, 1954 жыл.

А. П. Чеховты еске түсіру

А. П. Чеховтың қайтыс болғанына елу жыл толуын еліміздің барлық халықтары кеңінен атап өтті. Ұлы художник туралы сөзді әрбір совет адамы жүрегінде сақтайды, өйткені, Чехов—ол біздің ұлттық мақтанышымыз және даңқымыз.

Бүгін дүниежүзілік Бейбітшілік Советі, дүние жүзі мәдениетінің ұлы уәкілдерінің бірі—Чеховтың қайтыс болғанына елу

жыл толуы күнін атап өту жөнінде қарап шығарды.

Бұл күндерде еліміздің қалалары мен оселоларында Чеховты еске түсіруге арналған салтанатты жыйналыстар мен кештер өткізілді, кітап көрмелері ашылды. Көптеген адамдар Чеховтың шығармалары бойынша қойылған оның мәңгі өлмес пьесаларын көрді.

Әрлеуін туғызды. Дала қосында Үгітші Лопатин жолдас шөпшілер мен механизаторларға Пленум қаулысы жөнінде әңгіме өткізді. Бұдан кейін шөпшілер, механизаторлар өздеріне көтеріңкі міндеттемелер қабылдады. Қоғамдық малды егін орағына дейін жемшөппен толық қамтамасыз етуді ұйғарды. Бұл үшін бригадаларда жұмыс істейтін адамдардың сапын көбейтуге, сменалық тапсырманы үзбей орындап отыруға ұйғарды.

Бұл күндері шөпшілер мен механизаторлар осы қабылдаған міндеттемелерін орындау жолында еселеген қаржынмен еңбек етуде. Макаров, Денисов жолдастардың звенолары шөп шабудың алғашқы күндерінен бастап күндік тапсырмаларын үнемі асыра орындап келеді. Пленум қаулысын тапқылағаннан кейін екі звено бір-бірімен социалистік жарысқа түсті.

7 июльге дейін Макаров жолдастың звеносы күн сайын 100 центнердің орнына 142 центнер, Денисов жолдастың звеносы 114 центнерден шөп маялады. Соңғы кезде Денисовтың звеносы күн сайын 151 центнер, Макаровтың звеносы 204 центнер жемшөп үюге жетісті.


Колхоз партия ұйымы және басқарма Макаров басқарған звенонның қол жеткен табыстарын жоғары бағалап, оған колхоздың ауыспалы Қызыл Туын тапсырды.

Г. АБРОСИМОВ,

ШӨП ШАБУДЫҢ ОЗАТТАРЫ

Майбатық МТС-нің Жамбыл атындағы колхозының № 3 бригадасында Қ. Бурже-нов жолдас басқарған трактор бригадасы жұмыс істейді. Бригада көктемгі егіс жұмыстарын ойдағыдай аяқтап шыққан болатын. Көзір олар қоғамдық малға жемшөп дайындау жұмысын қызу жүргізуде. Мұнда үш кеңалымды шөп машинасы, тіркелген бір агрегат және бір өздігінен жүретін шөп машинасы жұмыс істейді.

Механизатор Қ. Әбішев және кеңалымды шөп машинасының жүргізушілері Ш. Мұхамедрахымов, Ж. Бағаев жолдастар күн сайын 20 гектардың орнына, 25-30 гектар алаңның шөбін шауып, еңбектің тамаша үлгілерін көрсетуде.



Киров атындағы совхозда тракторға тіркелетін кеңалымды шөп тырнаушы жұмысқа қосылған. Осының нәтижесінде бұл совхозда шөп шабу мен жығынау ұйымшылдықпен жүргізілуде.
СУРЕТТЕ: А. Окс жолдастың шөп жыйнап жүрген кезі.

жеткілікті мөлшерде дайындалуына ғана байланысты деуге болмайды. Ол қоғамдық малды үнемі қысы-жазы бірдей сумен қамтамасыз етуге де байланысты. Калинин атындағы МТС басшылары, атап айтқанда, директоры Елкин, аға зоотехнигі Наринкин жолдастар мұны мойындап келеді. Соңдықтан да олар колхоздардың қоғамдық малын сумен қамтамасыз етуге МТС тарапынан нақтылы көмек көрсету жөнінде талай рет сөз берді. Бірақ, өзінше олардың сөзі ісіне сай болмай келеді.

Стаханов атындағы ауылшаруашылық артелі бұл МТС аймағындағы ірі колхоздарды бірінен саналады. Оның фермаларында көзірдің өзінде мыңдаған мал бар. Келер жылы мал саны көзірден әлде қайда көп өскелі отыр. Бұл колхоздағы елеулі кемшіліктердің бірі—судың тапшылығы. Мал қысы-жазы бірдей қолдан суарылады. Құдықтардың суы аз. Осының салдарынан мал суды қанып іше алмайды. Мұның өзі жыл сайын мал қыстауды үлкен қиыншылықтарға кездестіріп жүр. Малдың күйі төмендеп, өнімі кемиді, шығыны болды.

Колхозшылар қоғамдық малды сумен қамтамасыз ету үшін МТС дирекциясынан бийыл құдық қазуға көмектесуді, бұл

Амал не, МТС директоры Елкин жолдас күні бүгінге дейін «жақсы, тілектеріңізді орындаймын» деп, құрғақ сөзбен уақытты өткізіп келеді.

Колхоз июнь айында мемлекетке сүт тапсырудың жоспарын 92 процент, ал, июльдің алғашқы онкүндік жоспарын 87 процентке ғана орындады. Сүт мөлшерінің бұл сыяқты көмуіне алдымен судың тапшылығы себеп болып отыр. Мұндай кемшіліктер Калинин атындағы колхозда да орын алған.

Жаңдай солай бола тұрса да, МТС директоры Елкин жолдастың кінәсінен стаңциядағы құдықты қазатын машина бір жылдан бері пайдаланылмай босқа тұр. Бұл сыяқты, жауапсыздыққа бұдан әрі төзуге болмайды.

СОКП Орталық Комитеті июнь Пленумының қаулысы жергілікті партия, совет ұйымдары мен МТС басшыларының алдына қоғамдық мал шаруашылығына күнбе-күн қамқорлық жасап отыру міндетін қойды. Мұны МТС басшылары естен шығармай, қолда бар мүмкіншіліктерді толық пайдалануға, станция қамтуындағы колхоздардың мал шаруашылығын өркендетуге жетісуге тиіс.

Т. ТОҒЫБАЕВ,

Булаев аудандық партия комитетінің нұсқаушысы.

Таңдаулы бұзаушылар

«Новая жизнь» ауылшаруашылық артелинің колхозшысы (Приешім ауданы) Мецлер жолдас өткен жылы қарамағындағы 25 бұзаудың біреуін де шығынға ұшыратпай, аман өсірді. Бұзауды шығынсыз, қонды етіп өсіру—озат малшының дағдылы ісі. Мецлер бұл жұмыста бірнеше жылдан бері істеп келеді. Осы уақыттың ішінде оның алдынан бірде-бір бұзау шығын болып көрген емес.

Быйылғы төл алу науқанына да Мецлер күні бұрын әзірленді. Көзір оның қарамағында 30 бұзау бар. Олардың барлығының да қоңы жақсы. Озат малшының негізгі мақсаты—өзіне бекітіліп берілген бұзауларды шығынсыз өсіру.

Осы колхоздың мүшесі Массольд жолдас та бұзау өсіруде айтарлықтай табыстарға жетісіп келеді. Көзір оның қарамағында 30 бұзау бар.

102 қозы

Приешім совхозының № 3 фермасының шопаны Б. Кәсенов жолдастың қарамағында 850 қоздайтын қой бар. Ол қойларды қыстан қонды шығарып, жақсы

күту арқылы әрбір 100 қойдан 102 қозы алды. Қозылар ерекше күтімге алынып, шығынсыз өсірілуде.

лары құрылысындағы кемшіліктердің негізгі себебі—қажетті құрылыс материалдарының тапшылығы. Қолхоз басқармасы құрылыс бригадасын керекті көліктермен қамтамасыз етпей келеді. Сол сыяқты, мал қораларын тазарту, оларды жөндеу жұмысы қолға да алынған жоқ.

СОКП Орталық Комитетінің июнь Пленумы мал шаруашылығын шұғыл өркендету жөнінде колхоз бен МТС басшыларының алдына жауапты міндеттер қойды. Ол міндетті естен шығармай, аталған колхоз, МТС басшылары қоғамдық малға күнбе-күн жаңды басшылық жасап, оны колхоздың табысты шаруашылығына айналдыруға жетісулері керек.

Б. ЖАҚЫПОВ,
(Өз тілшіміз).

Колхоз жастарының үлгісі

Сталин атындағы колхоздың (Булаев ауданы) комсомолецтері мен жастары СОКП Орталық Комитеті июнь Пленумының қаулысын зор қуанышпен қарсы алды. Көзір олар бұл қаулыға жауап ретінде жемшөп дайындауға белсене қатынасып, еңбек өнімділігін еселеп арттыра түсуде.

Комсомолецтер мен жастар жұмыстың жауапты учасқотерінде істейді. Мәселен, комсомолецтер Есенбеков, Нұрымов жолдастар трактор тырнаушымен шөп жыйнайды. Бұлар техниканы іскерлікпен пайдалана отырып, күн сайын 75—90 гектар пішен жыйнап, тапсырмаларын 160—180 проценттен орындап жүр. Осы сыяқты, кеңалымды шөп машиналарының машинистері Бекенбаев, Үсейінов, Есмұқанов, Шәріпов жолдастар да сменасына 120 гектар шауып, еңбек үлгісін көрсетіп келеді. Көзірдің өзінде колхозда 1000 гектардан астам пішен шабылып, майланды.

Шабылған шөпті мал фермаларының қасына тасып, үю жұмыстары да ұйымшылдықпен жүргізілуде. Бұл жұмысқа комсомолецтер Шахметова, Уақпаева жолдастар бөлінген еді. Олар күн сайын 60—70 центнердей шөп тасыйды. Мұның өзі тапсырмадан 20—25 проценттей артық.

Жастардың өнімді еңбек етуіне колхоз басқармасы жақсы жағдай туғызып отыр. Күніне үш мезгіл ыстық тамақ беріледі. Пішеншілердің жұмыстан бос уақыттары көңілді өтеді. Әрбір бригадала радио-қабылдағыш, патефон, шахмат, доминолар бар. Түскі үзілісте және кешкі уақыттарда пішеншілердің арасында әңгімелер өткізіліп, қызық кітап, газет, журналдар оқылады. Сол сыяқты, әрбір бригадада жауынгерлік листок шығарылады.

Колхоз жастары өзара социалистік жарысқа ұштаса отырып, жемшөп дайындау жоспарын егін орағы басталғанға дейін аяқтау үшін күресуде. Соңдықтан да олар күн санап еңбек өнімділігін еселеп арттыруда.

М. ЗАҒЫПАРОВ,

Булаев ауданы, Сталин атындағы колхоз комсомол ұйымының секретары.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

БЛКЖО Орталық Комитетінің пленумы

Жақында БЛКЖО Орталық Комитетінің пленумы болып өтті. Пленум комсомол ұйымдарының егін жыйнауға әзірлік және оны өткізу, ауылшаруашылық өнімдерін дайындау жоспарын орындау жұмыстарына қатысуы туралы мәселе талқылап, тиісті қаулы қабылдады. Пленумда БЛКЖО Орталық Комитетінің секретары А. Н. Шелешин жолдас баяндама жасады.

Баяндамашы және жарыссөзде шығып сөйлеген жолдастар Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің үстеміз дегі жылдың июнь айында болып өткен Пленумының орасан зор маңызын атап көрсетті. БЛКЖО Орталық Комитетінің пленумына қатысушылар Коммунистік партия мен Совет Үкметінің социалистік ауыл шаруашылығының барлық салаларын оған әрі шұғыл өркендету және көпшілік тұтынатын товарлар өндірісін арттыру жөнінде жүзеге асырып отырған шараларының бүкілхалықтық қолдау тауып отырғандығын және бүкіл совет жастары арасында қуатты еңбек өрлеуін тудырғанын атап көрсетті.

Коммунистік партияның нұсқауларын орындай отырып, комсомолдар, село жастары барлық ауылшаруашылық дақылдарынан жоғары өнім алу, қоғамдық мал басын өсіру және оның өнімділігін арттыру күресіне оған сайын белсене қатысатын болды.

Көптеген комсомол ұйымдары колхоздарға, МТС-тер мен совхоздарға көктем егісін деркезінде және сәпалы өткізу жөнінде нақты көмек көрсетті. Онбес мыңға жуық жастар трактор бригадалары Бүкілодақтық социалистік жарысқа ұштасты, егіннен мол өнім алу жолында тәбиғилықпен күрес жүргізуде.

Партия мен үкметтің шақыруы бойынша 149 мыңнан аса жас жігіттер мен қыздар комсомолдық жолдамалар бойынша тың және тыңайған жерлерді игеруге барды.

Сонымен қатар, пленумда бірқатар село комсомол ұйымдарының және басшы комсомол органдарының комсомолдар мен жастарды шаруашылық жұмыстарына мейлінше белсендіре қатыстыруды қамтамасыз етуге бағытталған өз жұмыстарын баяу, қайта құрып отырғандығын атап көрсетті.

Көптеген комсомол ұйымдары мен комсомол комитеттері жастар арасындағы бұқаралық жұмысты ауыл шаруашылығын өркендету жөніндегі практикалық міндеттермен тығыз байланыстыра жүргізбейді, колхоздардағы, МТС-тер мен совхоздардағы істің жайына тиісті жауаптылықпен жауап бермейді.

Аудандық, облыстық, өлкелік комсомол

дығын, колхоздарда, МТС-терде және әсересе, жаңадан ұйымдастырылған совхоздарда саяси жұмысты сылбыр ұйымдастырғандығын атап көрсетті. Жастардың тың және тыңайған жерлер игерілетін аудандарға жіберген көптеген комсомол ұйымдары жастардың тұрмысымен және олардың жұмысымен шұғылданбайды.

Пленумның қаулысында село жастарының арасында социалистік жарысты ұйымдастыруда елеулі кемшіліктер болып отырғандығы атап көрсетілген. Кейбір басшы комсомол органдары негізінен жастар бригадалары мен звеноларының жарысына ғана көңіл аударып, жалпы жастардың қалай жұмыс істейтіндігімен аз шұғылданады.

Пленум көптеген комсомол ұйымдарының жас колхозшылар, МТС және совхоз жұмысшылары арасында еңбек тәртібін нығайту ісімен қанағаттанғысыз шұғылданып келе жатқандығына баса көңіл бөлді.

Комсомол ұйымдарының, комсомолдар мен барлық село жастарының СОКП Орталық Комитеті июнь Пленумының белгілеген шараларын орындауға қатысуына зор маңыз бере келіп, БЛКЖО Орталық Комитетінің пленумы комсомолдарды, бүкіл село жастарын егінді күту, жемшөп дайындау, егінді кезінде жыйнау, ауылшаруашылық өнімдерін дайындау және сатып алу жұмыстарына белсенділікпен қатысуын қамтамасыз етуді колхоздардың, МТС-тер мен совхоздардың барлық комсомол ұйымдарының, аудандық, қалалық, облыстық, өлкелік комсомол комитеттерінің және одақтас республикалардың ЛКЖО Орталық Комитеттерінің аға маңызы, кезек күттірмейтін міндеті деп есептейді.

Комсомол ұйымдары жастарды мақта, қант қызылшасы, күнбағыс, жүгері, картоп, овощ және мал азығындық дақылдар, шашақты зығыр, кендір егістерін күту жұмыстарын кезінде және сапалы өткізуге қатыстыруға ұйымдастыруға, техникалық және отамалы дақылдарды өсіру жөніндегі жастар звеноларын ұйымдастыруды мейлінше қолдап отыруға, бұрын бар звеноларды нығайтуға және егіске үлгіді күтім жүргізу жөнінде оларға көмектесуге, егіннен мол өнім алу жолындағы социалистік жарысты ұйымдастыруға тиіс.

Комсомол ұйымдарына ауылшаруашылық дақылдарына зиянды жәндіктерге қарсы күресті күшейту, сарышұнақтарды, тышқандарды, тасбақа тектес клопаларды, ұзын тұмсық масаларды және басқа зиянды жәндіктерді жоюға жастардың ұйымдасқан түрде шығып тұруын ұйым-

орындауына және асыра орындауына жетісуін қамтамасыз етуге тиіс.

Пленум аудандық, облыстық, өлкелік комсомол комитеттеріне және одақтас республикалардың ЛКЖО Орталық Комитеттеріне жас комбайншылардың сменалық тапсырмаларын орындау және асыра орындау, астықты көп бастыру жолындағы социалистік жарысын ұйымдастыруды ұсынды. Пленум егін жыйнау мерзімін қысқарту және алғашқылардың бірі болып тың жерлер игерілген аудандарда егін жыйнауға право алу үшін социалистік жарысқа қосылған Ставрополь өлкесінің жас комбайншыларының бастамасын қуаттады.

МТС-тер мен совхоздардың жас механизаторлары картоп пен овощ жыйнауды мейлінше механикаландыру үшін, барлық картоп жыйнайтын комбайндардың және басқа машиналар мен механизмдерді толық пайдалану үшін күресуге тиіс. Үстеміздегі жылы картоп пен овощтың едәуір алаңы қолмен жыйналатындығын еске ала отырып, комсомол ұйымдары бұл жұмыстарға қажетті мөлшерде жастарды, сол сияқты, пионерлер мен мектеп оқушыларын қатыстыратын болуы керек.

Пленум комсомолдар мен жастарды астық ысырабына қарсы батыл күреске қатыстыруды комсомол ұйымдарының алдына басты міндет ретінде қойды. Астықтың пісуіне қарай егін жыйнау жұмыстарының кезінде басталуын қатаң қадағалап отыру, әрбір комбайнның дән мен масақтың ысырап болуына жол бермейтін құрал-саймандармен жабдықталуына жетісу, егін жыйнайтын барлық алаңдарды егінді шапқаннан кейін жыйнау және аңызда қалып қойған масақты жыйнау, астықты ысырапсыз тасу үшін барлық тасымал құралдары мен ыдыстардың даяр болуы қажет.

Пленум колхоздардың, МТС-тер мен совхоздардың бастауыш комсомол ұйымдарын, аудандық, облыстық, өлкелік комсомол комитеттерін және одақтас республикаларының ЛКЖО Орталық Комитеттерін әрбір колхоздың, совхоздың, ауданның, облыстың, өлкелік Республиканың астық, мақта, қантқызылшасын, шашақты зығыр, кендір, картоп, овощ және мал шаруашылығының өнімдерін дайындау жөніндегі мемлекеттік жоспарларды кезінде және сөзсіз орындауын қамтамасыз ету ісінде партия және совет орындарына жан-жақты көмек көрсетуге міндеттеді. Жастардан тасымал бригадаларын құру, тасымал бригадаларының, жас шоферлердің астық және басқа ауылшаруашылық дақылдарын та-

Комсомолецтер жарыста алда келеді


Теміржолшылар күнін лайықты өндірістік табыстармен қарсы алу үшін Петропавл темір жол бөлімінің кәсіпорындарында социалистік жарыс өрістей түсті. Жол бөлімінің жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері теміржолшылардың Кремльде болған Бүкілодақтық кеңесінің үндеуін қызу қолдап, халық шаруашылығына қажет жүктерді тасудың жоспарын асыра орындау үшін өздеріне көтеріңкі міндеттемелер алып, оны аброймен орындап келеді. Паровоз және вагон жөндеу деполарында, станция мен дистанцияларда жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлер ішкі мүмкіншіліктерді толық пайдаланып, паровоздардың қуаттылығын арттыру үшін, тасыйтын жүктердің өзіндік құнын кеміту үшін және еңбек өнімділігін арттыра беру үшін күресуде.

Теміржолшылар күнін лайықты табыстармен қарсы алу жарысында комсомолецтер қажырлы еңбектің тамаша үлгілерін көрсетуде. Мәселен, Петропавл темір жол бөлімінде комсомолец Николай Десков басқарған паровозшылардың комсомол-жастар колоннасы жаңа өндірістік табыстарға ие болды. Комсомол-жастар колоннасы 274 километрлік Макушино Есілжол участогінде жүк тиелген поезддарды жолда қосымша су алмастан жүргізуде міндеттенген еді. Алған міндеттені орындауға үлкен жауапкершілік көрсету, еңбек тәртібін қатаң сақтаудың және міндеттенің орындалуын үнемі тексеріп отырудың нәтижесінде жастар колоннасының көрсеткіштері жақсаруда. Колонна мүшелері локомотивтердің техникалық және орта тәуліктік жүріс жылдамдығын арттыра түсті. Июнь айының ішінде комсомол-жастар колоннасының мүшелері жоспардан тыс халық шаруашылығына қажет жүктерден 50 миллион 186 мың тонна жүк жеткізді және 82 тонна отын үнемдеді.

Колоннаның әрбір мүшесі өзінің қажырлы еңбегімен көзге түсуде. Мәселен, аға машинистер Манин, Маковецкий, Манзя және Пузанов жолдастар басқарған паровоз бригадалары жоғары көрсеткіштерге ие болды. Июнь айының ішінде әрбір паровозда үнемделген отынның есебінен жүк тиелген екі-үш поезд сапарға шығып отырды.

Теміржолшылар күнінің құрметіне вагондарды техникалық байқау пунктінде істейтін комсомолецтер мен жастар вахтаға тұрып, алған міндеттемелерін үлгілі орындауда. Шығыс паркінде жұмыс істейтін комсомол-жастар сменасы өздерінің қажырлы еңбектерімен жарыстың алдында келеді. Аға бақылаушы Акинин жолдас бастаған комсомол-жастар сменасы июнь айында поезддардың 90 процентін шапшаңдатылған әдіспен жөнелтуді қамтамасыз етті. Шығыс паркінде июнь айында 176 вагон ағытылмастан жөнелді. Комсомол-жастар сменасына

Егін жыйнауға деркезінде, тыңғылықты әзірленейік!



Облыс МТС-тері егінді қысқа мерзімде жыйнап алу үшін Жамбыл облысына достық көмек көрсету мақсатымен 40 комбайн жіберді. СУРЕТТЕ: Соколов МТС-нің комбайншылары В. Чумаченко және А. Ростовщиков жолдастардың өз комбайндарымен Жамбыл облысына бару үшін МТС-тен Петропавлға бара жатқан кезі.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Белсенділіктің нәтижесі

Біздің колхозда мал шаруашылығын өркендетумен бірге, егіншіліктің мәдениеті де жақсара түсуде. Соңғы жылдары колхозда егіс көлемі едәуір ұлғайтылып, одан мол өнім алынууда. Тек қана үстеміздегі жылы дәнді дақылдар егісінің көлемі бір мың гектардан астам ұлғайтылды. Оның 600 гектары тың және тыңайған жерлер есебінен ұлғайды. Колхозшылар Образцовая МТС-нің механизаторларымен жұмысты тығыз ынтымақпен істей отырып, көктемгі егіс жоспарын мерзімінде 100 процент орындап шықты. Барлық дақылдар жоғары агротехникалық дәрежеде егілді. Соның нәтижесінде егіннің жалпы шығымы жақсы болып отыр.

Ендігі мәселе егіннен мол өнім алудың негізгі шарты — егін орауға тыңғылықты әзірленіп, оны қысқа мерзімде аяқтау. Сөйтіп, мемлекетке астық тапсырудың жоспарын артығымен орындау, мемлекеттік сатып алу орындарына астықты көптеп сату, колхоздың егіншіліктен алатын табысын молайту. Бұл жауапты науқанға ерте дайындалу қажет. Міне, сондықтан да біз егін жыйнауға әзірлікті қолға ерте алған едік.

Алдымен астық тазартқыштарды, таразыларды, жәшікті арбаларды және басқа да құрал-саймандарды түгел жөндеп бітіруді ұйымдастырдық. Соған байланыс-

қоймаларды жөндеп, тазарттық. Мұнымен бірге, сыйымдылығы 3,5 мың центнерлік жаңа астық қоймасын салдық. Колхозшылардың еңбек өнімділігін арттыру, жұмыстың сапалы болуына жетісу мақсатымен үстеміздегі жылы астық қырмандарындағы ауыр жұмыстар түгел механикаландырылатын болды. Мұның өзі ондаған колхозшыларды астық тазарту, тасу жұмыстарынан босатып, басқа жұмыстарға пайдалануға мүмкіндік тудырды.

Быйыл Образцовая МТС-і колхозға 10 комбайн бөлді. Барлық комбайндар сапалы жөнделген. Әрбір комбайнның тоқтаусыз өнімді жұмыс істеуіне жағдай жасау қажет. Сол себепті біз көзірдің өзінде егін оратын әрбір агрегатқа қажетгі адамдарды тағайындадық. Мұнымен бірге, әрбір агрегаттан астық алуға машина мен көліктер бөлінді.

Егін жыйнау, астық дайындау жұмыстарының мезгілінде ойдағыдай аяқталуы еңбек тәртібін қатаң сақтауға, еңбектің дұрыс ұйымдастырылуына тікелей байланысты. Өндіріс бригадаларының жоспарларында әрбір колхозшының күндік норманы артығымен орындап отыруын қамтамасыз ету, жұмысты сапалы, әрі өнімді істеуіне жақсы жағдай жасау жөнінде бірқатар шаралар белгіленді. СОКП Орталық Комитеті июнь Плену-

комитеттерінің және одақтас республикалар: ЛКЖО Орталық Комитеттерінің жұмыс стилі мен әдісіндегі елеулі кемшіліктер комсомол ұйымдарының жұмысына керісінше әсер етуде. Көптеген комсомол комитеттері өз жұмысын қайта құру жөніндегі барлық істі, басшылық практикасындағы кеңсеістік- бюрократтық әдістерді жоюды жергілікті жерлермен қараз қатынас арқылы байланыс жасауды және мәжілістер санын қысқартумен тындырып жүр, ал, нақтылы іспен, жастар арасындағы ұйымдастырушылық жұмыспен бұрынғысынан аз айналысады.

Кейбір облыстық және аудандық комсомол комитеттері түрлі науқандар, айлықтар, апталықтар өткізумен шұғылданып, колхоздардың, МТС-тердің, совхоздардың комсомол ұйымдарына басшылықты жақсарту жөнінде тиісті шара қолданбай, оларды ұйымдық жағынан нығайту және комсомол ұйымдарының іскерлік қабілетін арттыруға қамқорлық жасамайды.

Көптеген комсомол қызметкерлері БКЖО ұйымдарында болғанда бұлардың жұмысымен жете шұғылданбайды, олар істі зерттеумен айналысады да, кездескен кемшіліктерді жою жөнінде аз көмектеседі. Аудандық және облыстық комсомол комитеттерінің кейбір секретарьлары әлі күнге дейін істің жайын нашар біледі, ауылшаруашылық өндірісінің ең қарапайым мәселелерінің өзін нашар түсінеді.

Пленум жекелеген комсомол ұйымдарының село жастарын егін жыйнау жұмыстарына жақсы және кезінде әзірленуге қатыстыруды бау жүргізіп отырғанын, комбайндарды, молотилкаларды, егін жыйнайтын жай машиналарды және басқа ауылшаруашылық құрал-саймандарын жөндеуді аяқтауға жеткілікті қамқорлық жасамайтындығын атап көрсетті.

Бірқатар аудандарда, деп атап көрсетілген пленумның қаулысында, ең алдымен Қырғыз ССР-інде, Калуга, Свердлов облыстарында комсомол ұйымдарының едәуір бөлігі колхоздар мен совхоздарда берік жеміш базасын жасауға, шөп шабуға, сүрленетін және жемшөптік дақылдар егісін күтуге және сүрленген мал азығын дайындау жоспарын орындауға бау қатысады.

Пленум бірқатар облыстардың комсомол ұйымдарының тың және тыңайған жерлерді игеруге келген жас жұмысшыларды дұрыс пайдалануға жетіспей отырғандығын, жастар арасындағы сауданы және мәдени-тұрмыстық қамтуды жақсартуға қажетті табандылық көрсетпей отырғанын

Облыстық, өлкелік комсомол комитеттері, одақтас республикалардың ЛКЖО Орталық Комитеттері село комсомол ұйымдарының жеміш дайындауда нақты, белсенділігін жұмыс істеуін қамтамасыз етуге тиіс.

Комсомол ұйымдары шөп жыйнауға, шөп сүрлейтін құрылыстар салуға белсене қатысуға, шөп сүрлеудің және әрбір колхоз бен совхоз бойынша басқа жемшөптерді дайындаудың тағайындалған жоспарын орындауға және асыра орындауға жетісетін болуы керек. Комсомол ұйымдарына дайындалған жемшөпті кезінде есепке алуға, дұрыс сақталуына және ұқыптылықпен жұмсалуына бақылау қою, мал қыстату басталғанға дейін мал фермаларына жай жемшөптерді жеткілікті мөлшерде тасып алуға жетісу және шөптердің сақтық қорларын және мал қыстайтын орындарға басқа жемшөп қорларын жасауға жетісу ұсынылды.

Егін жыйнауға кезінде әзірленудің маңыздылығын атап көрсете келіп, пленум басшы комсомол органдарын және колхоздардың, МТС-тер мен совхоздардың комсомол ұйымдарын комсомолецтер мен жастардың күш-мүмкіншіліктерін қолданып, егін жыйнайтын барлық машиналарды және тасымал құралдарын жөндеуді ойдағандай аяқтауға жұмылдыруға, жастарды колхоздар мен совхоздарда механикаландырылған қырмандар жасауға, астық келтіргіштер, қоймалар, жаппа қырмандар, бетондалған және ауылшаруашылық дақылдарын келтіруге және сақтауға арналған басқа да жабықталған алаңдар салуға кеңінен қатыстыруға міндеттеді. Комсомол ұйымдары комбайншылардың көмекшілерімен және басқа қамтушы адамдармен толықтыруға тікелей қатысуға, бұл жұмысқа таңдаулы комсомолецтер мен жас колхозшылардан жіберуге тиіс.

Пленум аудандық, облыстық, өлкелік комсомол комитеттерінің және одақтас республикалардың ЛКЖО Орталық комитеттерінің комсомолецтер мен жастардың барлық күш-мүмкіншіліктерін егінді қысқа мерзімде және ысырапсыз өткізуге жұмылдыруды талап етті.

Колхоздардың, МТС-тер мен совхоздардың комсомол ұйымдары әрбір жас комбайншының, молотилка машинисінің, тракторшының жұмысты жоғары сапалы, уақытты босқа өткізбей, комбайндар мен басқа машиналардың сынуына жол бермей, өндірістік тапсырманы күн сайын

су графикасы орындау және асыра орындау жолындағы социалистік жарысын ұйымдастыру ұсынылады.

Аудандық, облыстық, өлкелік комсомол комитеттерінің және одақтас республикалардың ЛКЖО Орталық Комитеттеріне тың және тыңайған жерлерде жұмыс істеп жүрген жастар арасында саяси-тәрбие жұмысын жақсарту ұсынылды. Ауылшаруашылық органдарымен, МТС-тер және совхоз директорларымен бірлесіп отырып, жастарды мәдени-тұрмыстық жағынан қамтуды жақсарту, қоғамдық тамақтануды ұйымдастыру, ең қажетті товарлармен үздіксіз жабдықтау шаралары жүзеге асырылсын. Пленум облыстық және өлкелік комсомол комитеттерінің комсомол ұйымдарының тұрғын үй және мәдени-тұрмыстық құрылыстар салу жоспарын жүзеге асыруға белсене қатысуын қамтамасыз етуге, жастардың құрылыс бригадасын құруды кеңінен ұйымдастыруға, олардың арасында социалистік жарысты өрістетуге міндеттеді.

Пленум аудандық, облыстық, өлкелік комсомол комитеттерін және одақтас республикалардың ЛКЖО Орталық Комитеттерін жастар арасындағы бүкіл бұқаралық-саяси жұмысты тікелей дала қостарына, егін және трактор бригадаларына, пішеншілердің арасына, қырмандарға, транспорт бригадаларына, элеваторлар мен дайындау пункттеріне көшіруге міндеттеді. Партия ұйымдарымен келісе отырып, әрбір жастар бригадасы үшін үгітшілер бөлу, үгітшілерді газеттермен қамтамасыз ету, қабырға газеттері мен «жауынгерлік листовкаларды» шығаруды жолға қою қажет.

Пленум егін жыйнаудың қызу күндерінде аудандық, облыстық, өлкелік комсомол комитеттерінің және одақтас республикалардың ЛКЖО Орталық Комитеттерінің бюро мүшелерінің, секретарьларының және қызметкерлерінің колхоздарда, МТС-терде, совхоздарда, егіннің тағдыры шешіліп жатқан жерлерде болуын талап етті.

БКЖО Орталық Комитетінің пленумы комсомолецтер мен комсомолкаларды, барлық село жастарын егін жыйнауы үлгілі өткізу, ауылшаруашылық дақылдарын дайындау жоспарын орындау жолындағы күреске белсене қатысуға, сөйтіп, бүкілхалықтық міндетті — Коммунистік партия мен Совет Үкметінің ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету жөніндегі алға қойған міндетін орындауға өзінің үлесін қосуға шақырды.

(СОТА).

Барлық жұмыстарды ұштастыра жүргізу керек

Жақында Булаев аудандық партия комитетінің пленумы болып өтті. Пленум «Егін орағына әзірлік, 1954 жылы ауыл шаруашылық өнімдерін дайындау жөніндегі аудан партия ұйымының міндеттері туралы» мәселе қарады. Қаралған мәселе бойынша Булаев МТС-нің директоры Лепехин, «Победа», колхозының председатели Мейманов, Ұзынкөл совхозының директоры Темірбеков және ССРО Дайындау министрлігі аудандық өкілінің орынбасары Кашемиров жолдастар баяндама жасады.

Баяндамашылар және жарыссөзде шығын сөйлеушілер қол жеткен кейбір та-

быстар жөнінде айтты. Быйыл аудан бойынша 8 мың гектар тың және тыңайған жерлер көтерілді. Пар жырты жұмыстары да қызу қарқынмен жүргізілуде. Мұнымен бірге, пленумда егін орағына әзірлік, шөп шабудың барысындағы кемшіліктер қатты сынға алынды.

Егіннен мол өнім алу, оны баптал-күтуге байланысты. Бірақ, бірқатар колхоздардың партия ұйымдары, басқармалары мұндай маңызды іске жете мән бермей отыр. Әсіресе, Ленин атындағы, Стаханов атындағы, Қара Маркс атындағы және Буденный атындағы колхоздар егінді кү-

туге, оны арашөптен тазартуға әлі кіріскен жоқ.

Шөп шабу, үю және жемшөпті мал фермаларына тасу жұмыстары да қанағаттанысымен жүргізілуде. Шөп шабу техника күні үнемі пайдаланылмайды. Шөп шабу, жыйнау жұмыстарының арасында үлкен ашықтық бар. Егін орағына әзірлік, жабық қырмандар салу, комбайндарды жөндеу жұмыстары да нашар ұйымдастырылып келеді.

Пленум жоғарыда аталған кемшіліктерді жоюға бағытталған нақтылы шаралар белгілеп, қаулы алды.

катысушылардың өрканысының өсе бергендігі орта есеппен алғанда 198 процентке дейін көтерілді.

Теміржолшылар күнін жоғары көрсеткіштермен қарсы алу жарысында нұсқаушы Сальков жолдас басқарған кондукторлар бригадаларының комсомол-жастар колоннасы алда келеді. Бұл колонна мүшелерінің орташа еңбек өнімділігі 113 процент болып отыр. Аға кондукторлар Горбунов, Задорожный, Улановский басқарған озат бригадалар еңбек өнімділігін арттырудың үлгілерін көрсетуде.

Алайда біздің жұмысымызда кемшіліктер жоқ емес. Жұмысымызда қателіктер мен кемшіліктер әлі де көп, оны жою темір жол бойындағы комсомол ұйымдарының міндеті. Кейбір кәсіпорындарында еңбек тәртібі әлі де болса төмен, жұмыста ақау жіберетіндер бар. Біз ол кемшіліктерді дереу жойып, теміржолшылар күнін азықты табыстармен қарсы алу үшін қажырлылықпен күресетін боламыз.

В. ПЕВКИН,

Теміржол торабы саяси бөлімі бастығының комсомол жұмысы жөніндегі көмекшісі.

Сүт сауу жоспары артығымен орындалды

Петропавл ауданының колхоздары сүт сауудың жартыжылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындап шықты. Аудан бойынша сүт сауу жоспары 112 процент орындалды. Мемлекетке жоспардан тыс 70 мың литрге жуық сүт тапсырылды.

Әсіресе, Пушкин атындағы колхоздың малшылары қоғамдық мал басын көбейтіп, оның өнімділігін арттыруға көп еңбек сіңіріп келеді. Соның нәтижесінде колхоз осы жылдың 10 июліне дейін сүт тапсырудың жылдық жоспарын орындап шықты. Ал, қалған уақытта колхоз мемлекетке 40 мың литрден астам сүт сатады. Сол сияқты, Сталин атындағы колхозда да сүт сауудың жартыжылдық жоспары 159 процент орындалды.

Сталин атындағы колхоздың озат сауыншысы Ольга Шварц, Петропавл совхозының сауыншысы Евдокия Журавлева жолдастар өздеріне бекітіліп берілген сауын сыйырлардың өрқайысынан 13-15 центнерден сүт сауды.

Г. ВАСИЛЬЕВ,

Жаңа машина сатып алды

Быйыл «Бірінші май» колхозы мемлекетке «квартыкылық» сүт тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын асыра орындап шықты. Мұның өзі колхоздың мемлекетке 300 центнерден артық сүт сатуына мүмкіндік берді.

Жуырда колхоз сатқан сүтке жаңа жүк машинасын сатып алды. Бұл колхоздағы үшінші жүк машинасы. Мемлекетке сүт тапсыру жұмысы кезір де қызу жүргізілуде.

З. ҚАСКЕВ,

кәжетті ағаш өңдейтін және басқа құрал-саймандармен қамтамасыз еттік. Бригада мүшелеріне күндік тапсырма беріліп, оның орындалуы үнемі тексеріліп отырылды. Сөйтіп, бұл жұмыстағы колхозшылардың еңбек өнімділігінің арта түсуіне жетістік. Осының нәтижесінде жөндеуге тиісті барлық машиналардың және басқа егін жыйнайтын құрал-саймандардың мерзімінен бұрын сапалы жөндеуіне жетістік.

Егін жыйнауға әзірлік жұмысының негізгі бір түрі — астық қоймаларын мерзімінде дайындау. Колхоздағы барлық

Сөзімізге ісіміз сай болады

Күнделік тапсырманы артық орындау және астықты көптеп бастыру жолындағы Ставрополь өлкесі, Петров МТС-і комбайншыларының бастамасын қызу қолдай отырып, өздігінен жүретін «С-4» комбайнымен бір маусымда 300 гектар орнына 650 гектар егін жыйнауға және 9 мың центнер астық бастыруға міндеттендім.

Өткен жылы да осы комбайнмен 601 гектар егін жыйнағанбыз. Бұл үшін тәулігіне 18-20 сағат тоқтаусыз жұмыс істедік. Тәуліктің кезе комбайнды бірінші жылдамдықта жүргіздік. Өйткені, бұл кезде шық түскендіктен жер дымқыл болады. Ал, сағат 11-ден 4-ке дейін комбайн үшінші жылдамдықпен жүреді. Біз осы уақыттың ішінде ғана 9 гектарға дейін егін жыйнап, күнделік тапсырманы толық орындап отырдық. Ал қалған уақыт тағы да бір норма орындап отыруға мүмкіндік беріп отырды.

Жұмыс уақытында мен комбайнды жүргізумен бірге өңірді кесуші аппараттың жұмыс істеуін байқап және атжал қалуына жол бермеймін. Ал, менің көмекшім комбайнның қалған бөлшектерінің жұмыс істеуін бақылап отырады. Комбайн бұнкерінен астық тасуға бірнеше кәдік бөлініп, агрегаттың тоқтаусыз жұмыс істеуіне қолайлы жағдай жасалды. Міне, сондықтан да біз өткен жылы маусымдық тапсырманы екі есе асыра орындадық.

Быйылғы жылы да осы жұмыс тәжірибемізді кеңінен қолданамыз және өткен

зор қуанышпен қарсы алып, оған жауап ретінде егін орауға тыңғылықты әзірленіп, оны қысқа мерзімде аяқтауға және дәнді дақылдар егісінің әрбір гектарынан орта есеппен 100 пұттан өнім алуға міндеттенді. Бұл күндері артық мүшелері өздерінің алған міндеттемелерін аброймен орындау жолында белсенділікпен еңбек етуде. Ал, колхоз басқармасы шаруашылықтың бұл саласына үздіксіз басшылық етіп келеді.

И. ЧЕРНЯЕВ,

Ленин ауданындағы «Новый путь» колхозының председатели.

жылы орын алған кейбір кемшіліктерді болдырмаймыз. Жақында агрегат мүшелерімен еңбек өнімділігін екіжарым есе арттыру жөнінде әңгіме өткізілді. Онда жұмыс уақытында кімнің қандай жұмыс атқаратыны айтылды. Олар астықтың сапалы бастырылуы үшін комбайнда үшінші астық тазартқыштың болуын МТС дирекциясы алдына қатаң талап етіп қойды. Егер агрегат мүшелерінің бұл талабы мәнсіз жүзеге асырылса, онда комбайнның бастырыған астығын тазартпастан-ақ қабылдау пункттеріне жөнелтуге болады.

Өнімді еңбек ету үшін комбайнның сапалы жөндеуі қажет. Біз бұл уақытқа дейін комбайнды жөндеп болдық. Жөндеу жұмысы сапалы жүргізілді. Кейбір бөлшектерін жаңадан қойдық. Бұл күндері комбайнның сабан үйішіні жөндеп жатырмыз. Біз сабан мен мекен қоғамдық мал үшін жақсы азық екенін білеміз. Сондықтан да бірде-бір центнер сабан мен мекеннің шығын болмай үйіліп отыруына жетісеміз.

Агрегат мүшелері барлық күш-мүмкіншіліктерін егінді тез жыйнап, астықты мол бастыруға жұмылдыра отырып, берген сөрттерін іс жүзінде орындап шығады. Сөйтіп, ставропольдіктердің бастамасына нақтылы істерімен жауап береді.

В. КРОТКЕВИЧ,

Налобин МТС-нің өздігінен жүретін комбайнның комбайншысы.

МОЛ ӨНІМ ҮШІН КҮРЕС

«Красная крепость» ауылшаруашылық артелінің (Көнюхов ауданы) мүшелері қоғамдық мал шаруашылығын өркендетумен бірге, егіншіліктің мәдениетін де жақсартуға түседі. Соңғы жылдары колхозда тың және тыңайған жерлер есебінен дәнді дақылдар егісінің көлемі едәуір ұлғайтылды. Тек қана быйылғы көктемнің өзінде 400 гектардан астам тың жер жыртқылып, оған жаздық бидай егілді. Колхозшы шаруалар осы колхозды қамтытын МТС механизаторларымен жұмысты тығыз ынтымақтаса істей отырып, көктемгі егісті қолайлы мерзімде жоғары агротехникалық дәрежеде аяқтаған еді. Осының нәтижесінде егіннің шығымы жақсы.

Колхозшы шаруалар үстемізіндегі жылы дәнді дақылдардың әрбір гектарынан орта есеппен 15 центнерден ал, тың және тыңайған жерлерге егілген жаздық бидайдың әрбір гектарынан 25 центнерден өнім алуға міндеттенді. Бұл міндеттемені аброймен орындау үшін егін орауға тың-

ғылықты әзірленіп, оны қысқа мерзімде ысырапсыз жыйнап алмақ.

Колхоз басқармасы егін жыйнайтын барлық машиналармен құрал-саймандарды мерзімінде сапалы жөндеу үшін тиісті шаралар белгілеп, олардың мүлтіксіз орындалуын үнемі қадағалап отырды. Жөндеу жұмысына тәжірибелі колхозшылар бөлініп, оларды қажетті құрал-саймандармен қамтамасыз етті. Осының нәтижесінде кәзіргің өзінде қолда бар 8 астық тазартқыш, 3 таразы жөнделді. Мұнымен бірге екі астық қырманы күрдені жөндеуден өтті. Оның біреуі үстемізіндегі жылы толығымен механикаландырылды. Астық қоймаларын жөндеу жұмысы да аяқталуға жуық. Сол сияқты, 20 жәшікті арба сапалы жөнделді. Жөндеу жұмысында, әсіресе, колхоз ұсталары Грэйчик, Вейх жолдастар өздерінің күнделікті тапсырмаларын үнемі артығымен орындай отырып, жұмыстың сапалы болуына жетісті.

К. ЗІКІРИН,

ҚҰЛЫНДЫ ДАЛАСЫНДА

(ЖАЗУ КІТАПШАСЫНАН)

Біз Красозер аудандық комитетінің секретары Иван Хромовпен июньнің орта шенінде бұл жолы да облыстық партия комитетінің пленумында кездестік. Пленум көктем егісінің қорытындысына және адағы егін орағына әзірленудің міндеттеріне арналған болатын...

Күнге тотыққан бетінен барлық есіктері ап-айқын көрінетіндей таза қырлыған, үйлесімді көк галстук тағын, көк костюм киген дембелше Иван Васильевич мен бұдан бір ай бұрын аудан колхоздарының бірінің егіс даласында кездесірген Хромовтан мүлде өзгеше: онда үстінде шекпені, аяғында қонышына дейін майлау қара балшықпен батпаққан егіс бар ол әлде неге жабырқаулы екен...

Ал, халіңіз қалай? — деп сұрадым мен амандасып жатып.

Хромов сұраққа түсіне қалды да, күлімсірей жауап берді:

— Мен айтамын, егінің көктеуі өте жаа. Тіпті бұрын болып көрмеген. Осында жүрер алдында бүкіл ауданды түгелге жуық аралап шықтым. Әрине, Петропавловқа да болдым. Ал, бидайдың өсуінің жылдамдығы сонша, тіпті егін орағының қалай келіп қалғанын да білмесің. Ал, нәтижесі мұндай шығуы қыркыншы жылдан бері менің есімде жоқ... Байқасаңыз Құлындыдағы, тіпті бүкіл еліміздегі былайғы көктем мен көктем егісі сыяқты жалпы үстіміздегі жылдың ерекше болатын түрі бар... Ауылшаруашылық саласындағы партияның соңғы қаулыларында қаншалықты көрсендік, саралық және күш бар екенін міне, енді тіпті айқын сезесің. Ия, Құлынды даласында былайғы көктем ерекше болды.

...Менің көз алдыма Құлынды даласындағы колхоздардың біріне жуықта ғана болған оқылғалар ап-айқын елестей қалды.

Көктемнің кешігіп келуі Құлынды егіншілеріне көктем егісін тек майдың ортасында ғана қызу жүргізуге мүмкіндік берді. Май айындағыдан бетер қысқы киімді үстін тастамайтындай ызғарлап, ашық, бірақ өте желді кезек келді...

Құлындының ызған өткір желі көктем бұлтын ерсілі-қарсылы ыдыратып, тың және тыңайған алқаптарымен қаңбақтарды домалатып, қарғалар мен қара қарғалардың ұялары жапыраған оңсыз да сирек, жалаңаш қайың мен теректерді теңселтеді де тұрады. Ауаның тентек толқындары жерге қарай түйілген боз торғайларды және солтүстікке ұшқан қаздар мен үйректердің тобын бағытынан аударады.

Осыдан бірер күн бұрын ғана тіпті сезген аттың күші бар дизельді тракторлар бататын, майбалшығына дизельді тырмалар мен түрендер еніп-ақ көтегін жыртынды ілезде кеуіп сала береді. Далалардағы егіс агрегаттарын қуалай қара құйын соғып, үлкен жолдармен зымарш жатқан автомашиналардың соңынан бұрырап шаң аспанға көтеріледі.

Құлындыға кеш келген көктемнің

— Айналага көз жіберсең, біздің даламызда жыртылмай жатқан жердің ұшы-қыбыры жоқ сыяқты болып көрінеді, — дейді маған Андрей Галата. — Ал, егер жыртылған және кезір пар айдап жатқан жерлерімізді есептесек, онда біздің мал жайылымы мен азын-аулақ шабындағымыздан басқа жыртуға жарайтын жеріміз қалмаған да болар...

Ленин атындағы колхоз үстіміздегі көктемде бес мың гектардан артық жаздық бидай септі, оның ішінде төрт мың гектардан артығырақ бидай, мұның бір мыңы осы жылы көтерілген тың жерге себілді. Келесі жылы тағы да екі мың гектардан артық тың, тыңайған жер жыртылмақ...

— Мұның бәрін де быыл жыртып тастаймыз, — дейді бригадир құрай өсіп, көк шиекке дейін созылып жатқан тыңайған жердің жалпақ алқабын нұсқап.

Біз үшінші бригаданың бригадирі екеуіміз Ленин атындағы колхоздың егіс даласымен жүріп келеміз. Құлындыдан Берлинге дейінгі жолдан өткен бұрынғы солдат, алса бойлы дембелше Андрей Галата майданнан қайтқан күннен бастап бригадирлікте.

— Ал, мынау жыртылған егістік, — деп сөзін соза түседі Галата, — есіңізде ме, бұл қырық алтыншы жылы өз звеносымен тоғыз гектардың әрқайсысынан 200 пұтқа тарта астық өсірген және сол үшін Алтын жұлдыз алған Надежда Кривошеяның атағы шыққан рекордты участогі... Егістік дем алып, быылғы көктем егісінде біркелкіленді, отыз екі центнерден болмағанмен, колхоз бойынша гектар басы он тоғыздан астық жыйнауға міндеттендік...

— Быылғы көктем ауыр, — дейді бригадир күрсіне, шаң басын тотықпақ бетін қолымен сүртіп. — Өткен жылы бұл уақытта бүкіл жаздық бидайды сеуіп бітіріп едік. Ал, быылғы қар майдың басына дейін жатып алды, оның артынан қар жауып, аяз да соқты. Енді мынау жел жарықтықтың аңызақтатып тұрғаны, тек культивациялап, сеуіп үлгірсең болғаны, есепте, былтырғыға қарағанда, маған біржарым есе артық себу керек. Мың төрт жүз гектар жаздық бидай, бидай мың бір жүз, ал, оның үш жүз елуін тыңға себу керек. Дегенмен мерзімінде, жыйырмасыншы майға... бидайды түгел сеуіп бітірерміз деп ойлаймын.

Жел ызғындап соғып тұр. Біз көтеріліп келе жатқан дөңесті әрдей екі культиватор тіркеген қоңырдай қара, тозығы өбден жеткен дөңелекті трактор зорға жылжып келеді. Агрегаттың соңынан екі елі қалыспай, жыртындының арасынан ауыздарына іліккен бірдемелерді мейлінше тез алып бұрқыраған шаңдақтың ішінде бір топ қара қарға ұшып келеді. Тіркеуші баланың қап-қара тозаңнан беті-жүзі көрінбейді, оның жанындағы қыла бетін көзіне дейін таңып алған.

Біз екі егіс агрегаты — бір сеялқасы бар тозығы жеткен дөңелекті «сталин-градтық» пен үш сеялқалы «сталин-градтық» пен үш сеялқалы «сталин-градтық»...

ты адамдарды қоюға ұйғарды.

Ертең түнде Ирина Боряқтың бригадасын колхоз партия ұйымының секретары бухгалтер Иван Стрелец, колхоз председателінің орынбасары Саленко, товарлары фермасының менгерушісі Архип Новиков, мал дәрігері Григорий Галата ауыстыруға тиісті...

Даңғыл жолда дөңелектері тарсыдан, тиелген бричкалар егіс даласына бірінің соңынан бірі кетіп жатыр, олардың бірінің үстінде Ирина Боряқ жолдасымен баяулатып ән салып отыр...

Қосағыдай емес егіс даласындағы түн әлдеқайда қараңғы, көкжиекпен ұштасқан көмірдей қара жыртынды аспанға да қарақошқыл рең бергендей. Осы қалың, ұшы-қышырсыз қараңғылықта бірде жақындап, бірде алыстап тракторлардың оттары жарылдайды... Егістіктің ортасында астықпен тұрған бричкаларға, былтырғы қалған сабынды жағып әйелдер жылынып отырған жерге қарай барыпша дүрілдеп, алдыңғы шамдарын жағып, сеялқалары бар күшті ДТ жақындап келеді. Агрегатты бұрып және моторын сөндіріп, тракторшы Иван Рядских кабинадан секіріп түсіп, әйелдерге сеялқаларға астық төгуге көмектесіп жатыр.

Шапшаңдатындар, шапшаңдатындар, қыздар, деп көңілденіп айғайлап қояды ол. Түнің маскара салқын, төңіп қалмас үшін, көнікей тезірек тиен, жылынып алайық...

Оның сеялқашылары болып қарындасы Анна мен Николай Одяк және петропавловканың май зауытынан келген арықша түйік әйел Клавдия Дубинина істейді...

Агрегат тұқымды жылдам толтырып аң, өзіндік кезекті алты километрге жерлік сапарына аттанады. Әрбір оралған сайын агрегат 6 гектар жер себеді, сметнасына 60-63 гектар сеуіп, норманы 20-22 гектар артық орындайды...

Бұл күндері Андрей Галата сыяқты үшінші бригаданың егістігін жыртып трактор отрядінің бригадирі Семен Верба та тыным таппады. Семен Верба — 1934 жылы Могнотолог МТС-і құрылған күннен бері істеп келе жатқан ең қарт механизаторлардың бірі. Петропавловканың нақ өзінде туған, Чапаев атындағы артельдің, ал одан кейін Ленин атындағы іріленген колхоздың мүшесі, тракторшы әрі комбайнер Семен Верба жыйырма жылдан артық өзінің туған жерінде жер жыртып, егін егіп келеді. Петропавловкадан ол тек соғыс кезінде ғана қашықтап кетті.

Салмақты және қатал, жер мен мапшаны бес саусағындай білетін коммунист-механизатор егіс бригадасының үнемі тәжірибелі ақылшысы болып саналады. Ол агротехниканың болсын, машинаның болсын жөнсіздігін деркезінде сезіп жөндейді, қашан да болсын, қайда керек болса, сонда әзір тұрады...

Верба егіс басына бригада қосынан келді, онда МТС дирекциясының өкілі Вербаның бригадасына осыдан жарты сағат бұрын ақпарат берген...



Петропавлда көп қабатты үйлер салынып, пайдалануға беріледі. Қазақтың мемлекеттік құрылыс жоспарлау мекемесінің Петропавл филиалы жаңа үйлерді салудың жобаларын жасау үстінде іздену жұмыстарын жүргізуде. СУРЕТТЕ: қала көшелерін зерттеу. Суретті түсірген А. Розенштейн.

Күзгі сынға қалдырылған оқушылар арасындағы жұмысты жақсарту берейік

Облысымыздың көптеген мектептерінде оқу жылы айтарлықтай аяқталды. Өткен оқу жылдарымен салыстырғанда быылғы жылы орта мектептерді бітірушілердің саны да әлде қайда көп болды. Ал, оқытушы кадрларының педагогикалық мамандықтарының да жылдан-жылға жақсарып келе жатқаны байқалды.

Осындай қол жеткен табыстарымызбен бірге, өткен оқу жылында көп кемшіліктер де кездесті. Олай дейтініміз, облыс мектептерін тұтастай алғанда өткен оқу жылында 6400 оқушы жазғы емтиханда кейбір пәндерден емтихан тапсыра алмай, күзгі сынға қалдырылды. Сынға қалдырылғандар — бастауыш мектептерден — 1187, 5-7 кластардан — 3948, ал, 7-10 кластардан 887 оқушы.

Міне, бұл цифрлар облыстың кейбір мектептерінде оқу, тәлім-тәрбие жұмыстарының әлі де болса өз дәрежесінде жүргізілмегенін, кейбір мектеп басшылары мен мұғалімдерінің өздерінің негізгі міндеттеріне назар аудармай қалғандығын көрсетеді.

Облыс мектептерінде жана оқу жылында мұндай кемшіліктерді болдырмауға негізгі шараларды кезірген бастап белгілеп, оны жүзеге асыруға халық ағарту орындарының барлық қызметкерлері белсене қатысуға міндетті.

Бұл күндері халық ағарту орындары мен мектеп басшыларының алдына қойылатын жауапты міндеттердің бірі:

маған пәндерін толық игеріп, терең білім алып, олардың түгел дерлік кластан-класта көшулерін қамтамасыз етуге болмайды.

Сол сыяқты, орын алып келген кемшіліктердің бірі — облыстың көптеген мектептерінде халық ағарту орындарының басшылары мен мектеп директорлары күзгі сынға қалдырылған оқушылар үшін өткізілетін сабақтарға жеке жоспарлар жасап, олар сабақтардың жоғары дәрежеде жүргізілуіне ешбір назар аудармай келді. Бұлардың қатарына Приешім ауданындағы Октябрь жетіжылдық мектебін (директоры Оразалин жолдас), тағы басқа мектептерді қосауға болады.

Бұл мектепте және басқа да мектептерде кейбір оқытушылар өтілетін программаны оқушыларға үстірт қана түсіндіріп, күзгі сынға дайындық жұмысын ойдағыдай жүргізіп жатырмыз деп шімірікпестен мәлімдеуге дейін барды. Міне, осындай кемшіліктерге жол берілуінің салдарынан өткен жылдарда күзгі сынға қалдырылған оқушылардың 50 проценттен астамы бұрынғысынан емтихан тапсыра алмай, кластан-класта көшей қалып келді.

Жоғарыда көрсетілген кемшіліктерді енді болдырмау үшін сынға қалған оқушыларға қосымша сабақ өткізетін, түсініктер беретін мұғалімдер өздерінің жауапкершілігін арттырып, қарамағындағы оқушылардың түгел дерлік кластан-класта көшулеріне барлық мүмкіндікті туғызулары керек. Бұл міндеттерді...

Редакцияға хат

Колхозшылар пілек емеді

Біз облыс орталығына және аудандары мен колхоздарына көшпелі цирк және республика астанасы Алматы қаласынан артистер бригадалары келгендігін облыстық газеттерден оқып естіміз. Октябрь ауданындағы «Интернационал» және Чапаев атындағы колхоздардың мүшелері мен интеллигенттері де бұл сыяқты ойындарды көруге өте ынтық. Бірақ, облыстық концерт-эстрада бюросы мен облыстық мәдениет басқармасы алыстағы ауданның колхоздары болғандықтан ба, бұл колхоздарға артистер бригадасы жіберуді ескермей-ақ келеді.

Колхозшылар облысқа астана артистерінің бригадасы келгенде оларды жоғарыда атаған колхоздарға жіберуді облыстық концерт-эстрада бюросынан тілек етеді.

С. ҚАЙЫРЖАНОВ.

Бір үйде төрт мекеме

Сталин атындағы колхоз (Булаев ауданы) аудандық мәдениет жағынан артта қалып келеді десек қателеспеген болар едік. Мұнда бригадаларды сөз қылмағанда колхоз орталығының өзінде не клуб, қызыл мүйіздің, не болмаса байланыс бөлімшесінің арнаулы үйлері жоқ. Қызыл мүйіз, байланыс бөлімшесі, колхоз кеңесі Бірінші май ауылдық Советінің кеңесіне орналасқан. Кітап оқу үшін, немесе хат салу үшін почта бөлімшесіне бара қалсаңыз олардың қызметкерлері «қатар бөлмеде ауылдық Совет пен колхоз басшылары қызмет істеп отыр, аяқтарыңды ағырын басыңдар, дауыстап сөйлемедер, бастықтар үрсын жүрмесін» деп қысылады.

Жаңа клуб, оқу үйін салу колхоз басшылары көңіл бөлмей отырған жұмыстың бірі болып келеді. Шағын ғана бір үйде төрт мекеменің тыңғылықты жұмыс істетуі қаншалықты қиын екендігін көре тұрса да ауылдық Совет басшыларының да бұл мәселемен шұғылдануға мойны жар бермей-ақ жүр.

Колхоз және ауылдық Совет басшылары колхозда клуб, оқу үйін салудың тиісті шараларын қарастырып, колхозшылардың мәдени тілегінің тыңғылықты өтелуіне қолайлы жағдай туғызатын уақыты жеткен жоқ па?

Қ. БАҚТЫБАЕВ.

Жылжымалы киноның келуін күтудеміз

Преснов ауданындағы Аманкелді атындағы колхозда 3 бригада бар. Бұл бригадаларда тұратын колхозшыларды киномен қамтуды аудандық мәдениет бөліміндегілер соңғы кезде мүлде ұмытып кетті. Олай дейтін себебіміз бұл колхозға жылжымалы киноның келмегеніне 4—5 ай...

Совет соғыс корабльдері Хельсинкиден туған елге жүріп кетті

ХЕЛЬСИНКИ, 14 июль. (СОТА). Совет соғыс корабльдерінің Хельсинкиде болуын осы солтүстік қаланың халқы жылы шыраймен қарсы алды. Совет теңізшілері қай жерге барса да Финляндия еңбекшілері оларды барлық жерде қамқорлыққа бөледі.

Совет корабльдерінің мұнда болған барлық күндерінде Финляндия астанасының бүкіл тұрмысы осы корабльдердің келген сапарымен байланысты болды деп айтуға болады.

Совет корабльдері Хельсинки портында болған күндерде бұл корабльдерді 8 мыңдай адам келіп көрді. Бірақ мұнда келісі келгендердің саны бұдан сан есе көп болды.

Бүгін «Орджоникидзе» крейсеріне Хельсинки еңбекшілерінің делегациялары, жеке азаматтар бірінен соң бірі келіп, оның үстіне шықты. Олар гүл бұмаларын, суреттер бар альбомдар және кітаптар тапсырды. Финляндия-Совет Одағы қоғамының бас секретары Тойво Карвонен жарқыраған қызыл гүлдер салынған корзин тапсырды. Басқа бір делегация корабльге гүлдермен бірге бейбітшіліктің бейнесі — көгіршінің суреті түсірілген шағын жалау қалдырып кетті. Міне, корабльдің баспалдағымен көтеріліп келеді. Оның қолында шағын гүл бумасы. Ол осы гүлді отряд командирі контр-адмирал Абашвилиге берді. Ду қолшанақтады. Совет матросы қыз баланы қолына көтеріп алды; ол бұл баланы, көтерген бәйімде төменге алып түсті.

15 сағат. Корабльдерді байлап қойған арқандар жыйналды. Совет корабльдері меймандос портпен қоштасты. Ал, көптеген халық жыйналған жағадан «Достық және бейбітшілік?», «Достық пен бейбітшілік жасасын!» деген ұрандар естілуде.

Нерудің Мирзапурдағы митингте сөз сөйлеуі

ДЕЛИ, 13 июль. (СОТА). Индия информация агенттігінің хабарына қарағанда, 12 июльде Мирзапурда бұқаралық митингте сөз сөйлеген Индияның премьер министрі Неру Кытай Халық Республикасының БҰҰ-дағы заңды праволарын қалпына келтіруден бастартып отырған Батыс державаларының, ең алдымен АҚШ-тың саясатын қатты сынаған. Неру былай деп мәлімдеген: Халықтың Кытайды танымауы деген—Азиядағы істердің нақты жағдайын көзді жұмып көрмеу деген сөз. Бұл Индияны абыржытады, өйткені, мұның өзі бүкіл азиялық континентке ғана емес, сонымен бірге, бүкіл дүние жүзіне де ықпал жасап отыр.

Неру Кытайға қарайтын премьер-

Халықаралық қатынастағы шиеленісті бәсеңдету үшін

СТОКГОЛЬМ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ ҚАРАРЛАРЫН ҚОЛДАУҒА АРНАЛҒАН ПЕКИНДЕГІ ЖЫЙНАЛЫС

ПЕКИН, 14 июль. (СОТА). Синьхуа агенттігінің хабарына қарағанда, кеше Пекинде бейбітшілікті қорғаудың Қытай комитетінің инициативасымен халықаралық қатынастардағы шиеленісті бәсеңдету жөнінде жуырда Стокгольмде болған халықаралық конференция қабылдаған қарарларды қолдауға арналған жыйналыс өткізілген.

Жыйналысқа 800 ден аса адам, соның ішінде халықтық саяси консультациялық советтің бүкілқытайлық комитетінің, Азия мен Тынық мұхит елдерінің бейбітшілікті жақтаушыларының байланыс комитетінің өкілдері және шетелдерде болған бейбітшілік жолындағы күрескерлер қатысқай. Стокгольмде болған конференцияға қатысқан Қытай делегациясының басшысы Го Мо-жо жыйналыста сөз сөйлеген. Ол Стокгольм қарарлары бүкіл дүниежүзі халықтарының талаптарына сай келеді деп мәлімдеген. Сонымен бірге бұл конференция бейбітшілікті жақтаушылар қозғалысының алдында жаңа перспективалар ашты.

Кәзіргі халықаралық жағдайға тоқтай келіп, Го Мо-жо былай деп көрсеткен: Құрама Штаттардың соғыс саясаты бұрынғыдан анағұрлым ұнамсыз саясат бола бастады, ал, америкн агрессияшы топтары —бұрынғы қай кездегіден болса да анағұрлым оқшауландырыла бастады.

Француз жұртшылығы өкмет орындарының антидемократиялық әрекеттеріне наразылық білдіруде

ПАРИЖ, 14 июль. (СОТА). Бастилияны алудың алты жылдығына байланысты 14 июльде дәстүрлі демонстрация өткізуге ішкі істер министрінің тыйым салуы француз демократияшыл жұртшылығының топтарында ашу- ыза тудырды.

«Юманите» газетінде Француз Компартиясының наразылығы жарияланды, мұнда «конституциялық бостандықтар мен демократиялық дәстүрлерге жаңадан қол сұққан бұл әрекеттің елеуді екендігі атап көрсетілген.

«14 июльдегі демонстрацияға тыйым салудың негізгі себептерінің бірі,— делінген наразылықта, —доктор Даллестің Парижға асығып келгендігі болып отырғанын көрмеуге болмайды».

Француз Коммунистік партиясы барлық ұйымдарды халық демонстрациясын өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің наразылығына қосылуға шақырған.

Компартия, сонымен қатар, Француз еңбекшілерін бейбітшілік, ұлттық тәуелсіздік, бостандық және әлеуметтік про-

Халықтар, деп мәлімдеген ол, келіссөздер жүргізу жолымен келісімдер жасасуды, атом және сүтегі қаруына тыйым салуды, мәдениет байланысы мен еркін сауда жасасуды және ҚХР-дің БҰҰ-дағы заңды праволарын қалпына келтіруді талап етуде. Го Мо-жо, сонымен қатар, адамдардың барған сайын көп болуынан бейбітшілікті жақтаушылар қозғалысына қосылып отырғанын көрсетіп, Қытайдың халықаралық беделінің анағұрлым артқанын атап айтқан. Жыйналыс қарар қабылдады, онда Стокгольм қарарларын қолдайтынын білдірген. Қарарда былай делінген: Индо-Қытайдағы атысты тезінен тоқтату туралы және Индо-Қытайдағы сорысты оған әрі жүргізуге және ұлғайтуға қарсы, корей мәселесі жөніндегі келіссөздерді таяудағы уақытта қайта бастау жолындағы және Кореядағы соғысты қайта бастауға қарсы қарарлар қытай халқының, Азия мен бүкіл дүние жүзі халықтарының мүдделеріне сай келеді, сонымен қатар, Женева кеңесінің ойдайыдай өткізілуіне көмектеседі.

Қарарда бұдан кейін кең көлемде өкілдер қатысқан Стокгольм конференциясының дәл мезгілінде өткізілгеніне назар аударылған. Мұның өзі, деп атап көрсетілген қарарда, дүниежүзілік жұртшылықтың бейбітшілікке ұмтылған талабының жаппай талап екендігін көрсетеді.

Германиядағы стихиялық апат

Сыртқы істер министрлерінің Женева кеңесінде

ПЕКИН, 14 июль. (СОТА). Синьхуа агенттігінің Женевадағы тілшісінің хабарына қарағанда, ВДР премьер министрінің орынбасары және сыртқы істер министрінің міндетін атқарушы Фам Ван Донг кеше Францияның министрлер Советінің председателі және сыртқы істер министрі Мендес-Франспен үшінші рет әңгімелескен. Екі жақтың өзқарасын жақындату үшін Фам Ван Донг пен Мендес-Франс Индо-Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіруге қатысы бар және бұдан бұрынғы екі әңгімелерінде сөз болған әртүрлі мәселелерді оған әрі талқылаған. Әңгіме ізгі ниетті жағдайда өтті.

Дәл кеше Фам Ван Донг баодайлық үкметтің жаңадан тағайындалған сыртқы істер министрі Хань Вань Дунмен келіссөздер жүргізген. Кешкілікте Хань Вань Дун баодайлық үкметтің бұрынғы премьер-министрі Тран Ван Худы қабылдаған.

ПАРИЖ, 14 июль. (СОТА). Франс Пресс агенттігінің Женевадан берген хабарына қарағанда, Вьетнам Демократиялық Республикасы делегациясының басшысы Фам Ван Донг бүгін баодайлық үкметтің сыртқы істер министрі Хань Вань Дунмен кездескен. Әңгіме 3 сағатқа жуық уақытта созылған.

Чжоу Энъ-лайдың Лаос пен Камбоджаның сыртқы істер министрлерімен әңгімелесуі

ПЕКИН, 15 июль. (СОТА). Синьхуа агенттігінің Женевадағы тілшісі былай деп хабарлады: 14 июльде Қытай Халық Республикасының Сыртқы Істер Министрі Чжоу Энъ-лай Лаостың сыртқы істер министрі Фуи Сананиконеге жолықты.

Ал, бүгін түстен кейін Чжоу Энъ-лай Камбоджаның сыртқы істер министрі Тей Фанга жолықты.

АҒЫЛШЫН ЖАСТАР ДЕЛЕГАЦИЯСЫНЫҢ ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНА БАРҒАН САПАРЫ ТУРАЛЫ ПІКІРІ

ЛОНДОН, 15 июль. (СОТА). Англияның әртүрлі ұйымы, саяси және кәсіподақ ұйымдарының өкілдерінен құрылған ағылшын жастарының делегациясы Қытай Халық Республикасына барған сапарынан қайтып келгеннен кейін кеше Лондонда баспасөз конференциясын өткізді. Делегацияның мәлімдемесінде былай делінген: делегацияның мүшелері Қытайдың «барлық жерінде де жылы шыраймен қарсы алынды», ал, «қытайлықтардың шын ниетті достығы оларға зор әсер етті. Бұл елде оның халықтық үкметінің басшылығымен өнеркәсіптің, ауыл шаруашылығының және, мәдениеттің өрлеуіне зор көлемде өркендеп отыр-

Бүкілқазақстандық жетінші спартакиада

Жарыстың төртінші күні

14 июль жеңіл атлетикашылардың жарыстары үшін өте қолайлы күн болды. Аспан сәл ғана бұлттанған. Таза жел парктің ортасына орналасқан «Спартак» стадионына гуадердің хош иісін таратып тұр.

Жарысқа көпше лақтырушылар шықты. Ерлер арасында Жамбыл облысының колхозшысы Батшаев ең жақсы нәтижеге ие болды. Ол көпшеңі 53,6 метр қашықтыққа лақтырды. Ал, жарыстың бұл түріне әйелдер командалары өте нашар дайындалған. Тек алматылық спортшы Гиржон ғана үшінші разрядтың нормасын орындай алды. Жарысқа қатысушылардың басқалары разрядтық талаптарды орындай алған жоқ.

Жеңіл атлетиканың ең қиыны және әдемі түрі үш сатылап секіру жөнінен қарағандылық Ильинский жақсы жеңіске (13 метр 90 сантиметр) ие болды.

Еркектер арасындағы 400 метрге жүгіру күшті тартыспен өтті. Қазақстанның ең күшті жүгірімпаздары алматылықтар Рудкий және Бакряшев жарысты бастады. Олар бүкіл аралықты бірдей уақытта —51 секундта өтіп, финишке келді. Бірақ, республика чемпионы атағы Бакряшевқа берілді. Әйелдер 200 метрлік қашықтықта жарысты. Дмитриева (Алматы) финиш лентасына бірінші болып келді. Екінші орында Солтүстік Қазақстанның өкілі Федянина алды.

Алматылық жүгіруші Гаврилов жеңіске жетуге мықты дайындалғандығын көрсетті. Ол 1,5 километрлік аралықтың едәуір бөлегінде алда болды. Бірақ, финишке 200 метр қалғанда Вечкутин мен Коновалов (Шығыс Қазақстан) алматылықтан озып кетті. Енді финишке дейін жүз метр ғана жер қалды. Жарысушыларды Вечкутин бастап келеді. Гаврилов алдағы адамды қуып жету үшін көп күш жұмсады. Ақыры табысқа да жетті. Алдында келе жатқан екеуі де аралықты бірдей уақытпен —4 минут 2,4 секунд мерзімде аяқтады. Гаврилов республиканың чемпионы болды. Өйткені ол финишке сәл бұрын келді.

14 июль су бассейніндегі жарыстың соңғы күні еді. Еркін әдіспен 400 метрге жүзу болды. Бұл дистанцияда алматылық жүзгіштер республиканың рекордшысы Власова және Хасанова келеді. Алғашқы жүз метр жерден өтілді. Өзінің таңдап алған әдісі шалқасынан жүзуге Хасанова алдында келеді. Жылдамтықты бәсеңдетпей тамаша әдіспен ілгері жылжып отырып, ол өзінің бәсекелесінен әлде қайда ілгері шығып, финишке бірінші болып келді. Сөйтіп, республикалық рекорд 6 минут 23,1 секунд уақытты қайталады.

400 метрге еркін әдіспен жүзуде ерлердің арасында бұл аралықтағы Қазақстан рекордын жасасушы алматылық Николай Гурьевтіктер Чаныгин және Иса-

ков жақсы нәтижеге жетті. Алғашта Николай пен Исаков қатар келе жатты. Бұдан кейін алматылық жүзгіш өзінің бәсекелесінің алдына шығып, соңына дейін бірінші болып келді. Секундомер жақсы уақытты —5 минут 19,3 секундты көрсетті. Николаев өзінің бұрынғы республикалық табысынан әлде қайда жақсы нәтижеге ие болды.

Бұдан кейін биіктіктен суға секіру жөнінде жарыс өткізілді. Әйелдер арасында бірінші орын алған алматылық Рашеева жақсы техниканы меңгергендігін көрсетті. Қарағандылық спорт мастеры Каракай әсем және тамаша секіру жасады.

Су спорты жөніндегі жарыстың төрт күнінің қорытындысында бірінші орынға астананың спортшылары ие болды. Екінші орында Қарағанды облысының командасы және үшінші орында гурьевтіктер. Жарыстың жетекші тобын есепке алмағанда жарысқа қатысушылардың негізгі бөлегі орта нәтижелерге ие болғандығын атап көрсету қажет. Көптеген спортшылар разрядтық нормаларды орындай алмады.

Қиыны аралықта комсомол көлінің жарасында велосипедшілер күштерін салыстырды. Әйелдер 19 километрлік жарысқа шықты. Жарысушылардың жолында саздақты, қазылған жерлер, шұғыл доңестер және ылдыйлар, шұғыл бұрылыстар кездеседі. Финишке аз жер қалғанда бастауыш топ бөліне бастады. Жарысушыларды Шығыс Қазақстанның өкілдері Колесникова және Вахманова бастап келеді. Алғашқысы финиш лентасына бірінші болып келді. Ал, Вахманованың уақыты 37 минут 31 секунд—оның уақыты жеңіске ие болған Колесникованың уақытынан бір секунд уақыт артық. 30 километрлік кросс аралығын велосипедші Власов (Алматы облысы) бәрінен де жылдам өтті. Оның уақыты —бір сағат 2 минут 39 секунд. Команданың есеп тізбегіне велосипед спорты жөнінде Семей облысының жарысушылары бірінші орынға ие болды. Екінші орынға Павлодар облысының спортшылары ие болды.

Топтардағы футболшылар кезекті кезде сүлерін өткізді. Қызылордалықтар қатарынан екінші жеңіске ұшырады. Олар өте үлкен есеппен 10:0 есебімен Қарағанды облысы командасынан жеңіді. Ақмола-ның спортшылары Көкшетаудың футболшыларын 4:2 есебімен жеңді. Алматының футболшылары жарысты жеңіспен аяқтады. Олар өздерінің бәсекелестері Солтүстік Қазақстанның футболшыларының қақпасына 7 доп өткізіп, өздерінің қақпасына бірде-бір доп енгізбеді. Оңтүстік қазақстандықтар Ақтөбе облысының командасын 1:0 есебімен жеңді. Гурьевтіктер жамбылдықтардан, алматылықтар, семейліктерден жеңілді.

(ҚазТАГ).

министр Неру, Франс пресс траст оф Индия агенттігінің хабарына қарағанда, былай деп мәлімдеген: бұл ауданда немерсе басқа жерде болып жатқан барлық істердің Индия мен басқа елдер үшін зор маңызы бар. Индо-Қытайдағы атыстың тоқтатылатын-тоқтатылмайтындығы таяу күндерде мәлім болады. Индияның бұл проблемаға мүдделі болып отырған себебі Индо-Қытайдың география жағынан өзіне жақын екендігінен ғана емес, сонымен қатар, Индо-Қытайдағы жағдайдың бүкіл Азияға ықпал жасап отырғандығынан.

Неру бұдан кейін былай деген: Индияның пікірінше, Пакістан-американ соғыс көмегін қабыл алып, теріс қалам жасады. Шетелдік көмектен соншалық тәуелді болып отырған ел,— деп мәлімдеген ол,— сайып келгенде әлсіз елге айналады. Ал, Индияға келетін болсақ, ол өзінің дамуында өз ресурстарына ғана тәуелді болуға тиіс.

Үш батыс державаларының Париждағы сыңаржақты келіссөздері

ПАРИЖ, 14 июль. (СОТА). Кеше кешке мұнда Францияның премьер-министрі және сыртқы істер министрі Мендес-Франстың, Великобританияның сыртқы істер министрі А. Иденнің және Парижге әдейі келген АҚШ мемлекеттік секретары Джон Фостер Даллес арасында сыңаржақты келіссөздер басталған. Келіссөздер түннің ортасына дейін созылған. Бүгін үш министрдің тағы да екі кездесуі болған, бұл кездесулер, сірә, бұрын белгіленбесе керек.

Бүгін келіссөздер аяқталғаннан кейін Франс Пресс агенттігі хабар таратты, бұл хабарда келіссөздер толығымен Индо-Қытай туралы мәселеге және АҚШ-тың бұл мәселедегі позициясын баяндауға арналды-мыс делінген, ал, Индо-Қытай туралы мәселенің сыртқы істер министрлерінің кәзіргі Женева кеңесінде талқыланып жатқан мәселе екені жұртқа мәлім.

АҚШ үкметінің мемлекеттік секретары немесе оның орынбасарын Женева кеңесіне жібермеуге ұйғарған бастапқы шешіміне қарамастан, мазмұндамада президент Эйзенхауэр мен Даллес «АҚШ мемлекеттік секретарының орынбасары генерал Смитке таяудағы уақытта Женеваға қайтып баруды ұсынды» деп атап көрсетілген.

ҚХР-ДІҢ БАСҚА ЕЛДЕРМЕН САУДА БАЙЛАНЫСТАРЫНЫҢ ҰЛҒАЮЫ

ПЕКИН, 14 июль. (СОТА). Синьхуа агенттігінің хабарына қарағанда, сауда қатынастарын өркендету туралы Қытай делегациясымен келіссөздер жүргізу үшін соңғы апталардың ішінде Женеваға Англиядан, Италиядан, Франциядан, Батыс Германиядан, Швейцариядан, Бельгиядан және Голландиядан өнеркәсіп пен сауда өкілдері келген.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия, насихат және хабар бөлімдері — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, мәдениет-тұрмыс және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

БЕРЛИН, 12 июль. (СОТА). Баспасөздің хабарына қарағанда, Батыс Германиядағы су тасқыны салдарынан шамамен 100—200 миллион марка мөлшерінде зыян болған.

Бір апта бойы дерлік үздіксіз жауған нөсер жаңбырдан, әсіресе, Бавария ауданы ауыр зардаққа ұшыраған. Газеттер былай деп хабарлайды: соңғы күндері су тасыған аудандардан Германия мен Австрияның оңтүстік бөлегіне 30 мың тұрғын халық көшірілді. Сонымен бір аптаның ішінде көшірілген тұрғын халықтың жалпы саны 50 мыңнан асты. Осы уақыттың ішінде, толық емес мәліметтер бойынша, 15 адам өлген.

Жаңбырдың тоқтағанына қарамастан, кейбір жерлерді қайтадан су басып кеткен. Мысалы, Нюрнбергке таяу жердегі үлкен территория 11 июльге қараған түнде су қаптаған алқапқа айналған. Нюрнбергтің өзіне де су басып кету қаупі төнген. Оңтүстік Баварияның бірқатар аудандарында көптеген селолық елді пункттер мен кейбір шағын қалалар судың астында қалған.

Стихиялық апат ГДР-дің кейбір аудандарын да қамтыған.

Халық ағарту мәселелері жөніндегі халықаралық XVII конференцияның жабылуы

ЖЕНЕВА, 14 июль. (СОТА). Тәрбие мәселелері жөніндегі халықаралық бюро шақырған халық ағарту мәселелері жөніндегі халықаралық XVII конференция Женевада өзінің жұмысын аяқтады. Конференцияда 57 елдің оқу министрліктерінің өкілдері болды. Конференцияның жұмысына Совет Одағының, Украин және Белорусс Советтік Социалистік Республикаларының делегациялары тұңғыш рет қатысты. Конференция: «Орта мектептер үшін педагогикалық кадрлар даярлау туралы» және «Орта мектептер мұғалімдерінің материалдық-праволық жағдайы туралы» екі мәселе талқылады. Мұның үстіне, 1953-1954 оқу жылындағы халық ағарту ісінің жайы туралы

Австриядағы су тасқынының зардаптары

ВЕНА, 12 июль. (СОТА). Австрияда нөсер жаңбыр мен қар жаууы салдарынан елдің батыс аудандарының халқы елеулі зыян шеккен. Жоғарғы Австрияның өзінде ғана 130 көпір қыйрап, 152 кәсіпорында жұмыс тоқтап қалған. Көптеген адамдар баспанасыз қалып, ондаған мың адамдарды су тасыған аудандардан көшіріп әкетуге тура келген. 50 мың гектарға жуық құнарлы жерді су басып кеткен. «Вельт әм абенд» газетінің хабарына қарағанда, алдын-ала жүргізілген есен бойынша, Жоғарғы Австрияның ауыл шаруашылығына түскен зыяның өзі ғана 300 миллион шиллинг болған.

КАНАДАДА ҚЫТАЙДЫ ТАҢУ ҮШІН КҮРЕСУ КОМИТЕТІ ҚҰРЫЛҒАН

ПЕКИН, 15 июль. (СОТА). Синьхуа агенттігінің тілшісі Канаданың «Канадаин трибюн» газетіне сүйеніп, Эдмонтон қаласында (Канада) Қытайды тану үшін

АДН агенттігінің хабарына қарағанда, Лейпциг, Гера, Карл Маркс Штадт, Галле округтерінің аудандары су тасқынына ұшыраған. Бұл округтерде 6 мың гектарға жуық жерді су басып кеткен. Осы аудандардан 4 мыңға жуық адам көшірілген.

Кейбір жерлерде 175 миллиметрге дейін жаңбыр жауған. Егін мен шалғынды су басып жеткен. АДН агенттігі соңғы 75 жылдың ішінде жаңбырдың мұндай қалың жауғаны байқалған емес деп көрсеткен.

Су тасқынына қарсы күресу жөніндегі орталық комиссия су тасқынынан зардап шеккен аудандарда қолданылған шаралар туралы хабарлап, халықтың өте белсенді қойымын атап көрсеткен. Мысалы, 11 июльде Карл Маркс Штадт округінде 50 мың еріктілер су тасқынына қарсы күреске шыққан.

Совет оккупациялық әскерлері халыққа зор көмек көрсетуде. Газеттер мен радио совет солдаттарының ондаған тұрғын халықты сақтанып қалу екіталай болған апаттан аман алып қалуының мысалдарын келтіруде.

лы барлық елдер өкілдерінің баяндамалары тыңдалды.

Алғашқы екі мәселе бойынша конференция екі ұсыныс қабылдады, мұнда осы конференцияға қатысушы елдердің оқу орындарына арналған және орта мектептердің мұғалімдерін даярлап, мамандығын арттыру ісін жетілдіруге, сонымен қатар, олардың материалдық праволық жағдайын жақсартуға бағытталған бірқатар ұсыныстар бар.

ССРО-да халық ағарту ісін жүргізу туралы РСФСР Оқу министрінің орынбасары Л. В. Дубровина баяндама жасады. УССР мен БССР делегацияларының басшылары Ф. Т. Дуднев пен С. А. Умрейко осы республикаларда халық ағарту ісінің өркендеп отырғаны туралы айтты.

Су тасқынына ұшыраған аудандардың халқы Австрияның тиісті өкмет орындарынан стихиялық апаттарға қарсы күресу жөнінде тиісті шаралар қолдануды талап етіп келеді. Бірақ, мұндай шаралар осы уақытқа дейін қолданылмаған, ал, оның бер жағында қардан және судан қорғанатын басқа құрылыстар салу жұмысы көп жағдайда су тасқынына болған зардаптың орынды толығуына жыл сайын мемлекет жұмсап келген жүздеген миллион шиллинг қаржыдан едәуір арзанға түсетіні айқын.

Есметте өзінің бастамасын канадалықтардың көпшілігі қолдап отыр, деген сөзім білдірген.

анын көрсететін айғақтарды текпиде, Шанхайда және басқа қалаларда айқын көрдік».

Мәлімдеме делегацияның бұл сапары «Англия мен Қытай арасында анағұрлым тығыз байланыстар орнатылуға жол ашды» деген үміт білдірілген.

Делегацияның мүшелері Қытайдағы өнеркәсіп және мәдениет құрылысының зор көлемде өрістетіліп отырғаны туралы айтты, баспасөз өкілдерінің сұрақтарына жауап берді.

ПОЛЬШАДА ЕГІН ЖЫЙНАЛУДА

ВАРШАВА, 14 июль. (СОТА). Польшада дәнді егін жаппай жыйнала бастады. Егіншілік өндіріс кооперативтері мен мемлекеттік егіншілік шаруашылықтарының егін даласына егін жыйнайтын машиналар шықты. Варшава воеводствосының шаруалары кәзірдің өзінде үш жарым мың гектардан аса қара бидай орды. Людвиг воеводствосында барлық шаруашылықтар дәнді егін жыйнала бастады. Елдің Зеленогурек, Лог және басқа воеводстволарында да масақты дақылдарды жаппай оғуға кірісуде.

Быйылғы жылы дәнді егінді жыйнауда ауылшаруашылық машиналары өткен жылғыдан едәуір көп пайдаланылады. Кооперативтер мен мемлекеттік шаруашылықтардың егін даласында ғана негізінен Совет Одағынан әкелінген мыңға жуық комбайн жұмыс істейтін болады. Шаруалар алдағы ұлттық мейрамының — халықтың Польшаның он жылдығының құрметіне еңбек жарысын өрістетуде.

ҚХДР МЕМЛЕКЕТТІК САУДА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КЕҢЕСІ

ПХЕНЬЯН, 14 июль. (СОТА). Мұнда сауда министрлігінде мемлекеттік сауда қызметкерлерінің кеңесі болды. Кеңеске провинциялардың, қалалар мен селолардың халықтық комитеттері жанындағы сауда бөлімдерінің менеджерлері және басқа сауда қызметкерлері қатысты.

1954 жылдың бірінші жартысында товар айналымының жоспарын орындаудың қорытындылары туралы және сауда саласындағы шұғыл міндеттер туралы сауда министрі Юн Гон Хым баяндама жасады.

Кеңестің соңында Министрлер кабинеті председателінің орынбасары Пак Чан Ок сөз сөйледі.

АФГАНСТАНДА ҚЫМБАТШЫЛЫҚТЫҢ АРТУЫ

КАБУЛ, 12 июль. (СОТА). Афганстан сауда палаталары басқармасының органы — «Иктисад» газетінің хабарынан көрінгендей, июльдің алғашқы жеті күнінің ішінде Кабул рыноктарында ұнның бағасы 15 процент, тұздың бағасы 20 проценттен аса артқан, помидор 50 проценттен аса артқан, шайдың бағасы да артқан.

«Аис» газеті мен провинциялық газеттер қымбатшылықтың өсіп отырғанына өкінуде. «Бадахшан» газеті кейбір аудандарда «адамдар аштықтан өлуде» деп атап көрсеткен.

Футбол жөнінде бірінші орын алу үшін

ГОРЬКИЙ, 15 июль. (СОТА). Бүгін мұнда футболдан ССРО бойынша бірінші орын алу жолындағы «А» класы командаларының арасында жарыс өткізілді. Алаң иелері Молотов атындағы автомо-

билъ заводының «Торнедо» командасының футболшылары Совет Армиясы орталық үйінің командасымен ойында. Горькийліктер 2:1 есебімен жеңіске ие болды.

АВСТРИЯДАҒЫ СУ АПАТЫ

ВЕНА, 15 июль. (СОТА). Австриядағы советтік информация қызметі мұндай хабар жариялады:

ССРО-ның Австриядағы жоғарғы комиссарының міндетін атқарушы В. М. Крассевич 15 июльде канцлер Раабта болып, оған Совет Үкметі атынан Австрияның және австрия халқының стихиялық

апатқа ұшырап отырғандығына байланысты көңіл айтты.

Одан кейін ол ССРО-ның Австриядағы жоғарғы комиссары су апатынан зыян шеккен австрия халқына көмектесу қорына 300 мың шиллинг қаржы бөлгендігін канцлер Раабқа хабарлады.

ТУНГ-ЖИДАҒЫ КЕҢЕС

ШАНХАЙ, 15 июль. (СОТА). Вьетнам информация агенттігінің хабарына қарағанда, 13 июльде Тунг-Жида екі жақтың соғыс командованиелері өкілдерінің

атысты тоқтату мәселесіне арналған екі кеңесі болған. 14 июльде мәжілістер болмаған. Мәжіліс 15 июльде өзінің жұмысын оған әрі жүргізеді.

Редактор **Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**



«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«КӘМЕЛЕТТІК АТТЕСТАТ»

«БАРЛАУШЫНЫҢ ЕРЛІГІ»

Сағат 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

Сағат 4-те басталады.

Солтүстік Қазақстан облыстық Совет атқомінің ұйымдасқан түрде жұмысшылар алатын бөлімі Алматы, Жезқазған, Қарағанды, Ақмола, Петропавл қалаларында, Мамлютқа жұмысшы поселкесінде және совхоздарда құрылыс жұмыстарында істеу үшін жұмысшылар алады.

Шарт жасасқан жұмысшыларға 150 сомнан 800 сомға дейін бір жолғы жәрдем, жолда жүрген күндеріне тәулігіне 10 сомнан 15 сомға дейін тәуліктік ақы төленеді, сол сияқты, жұмысшының өзі, семья мүшелері және жүгі баратын жеріне тегін жеткізіледі.

Шарт жасасу үшін Петропавл қаласында Папаннин көшесі, 98-үйге (телефон 5-97), селолық жерлерде аудандық және селолық Советтерге, ұйымдасқан түрде жұмысшылар алатын өкілдерге келіп жолығуға болады.

ЕТ КОМБИНАТЫНЫҢ ФЗО МЕКТЕБІ 1954—1955 ОҚУ ЖЫЛЫНА ОҚУШЫЛАР АЛАДЫ

Оқуға 15 жастан 17 жасқа дейінгі жасөспірімдер қабылданады. Мектеп компрессор машинасының машинистерін, мал союшылар, ішекшілер, консерві, шұжық жасаушылар, құрылысшылар даярлайды.

Оқуға қабылданғандарға 112 сомнан 222 сомға дейін стипендия төленеді.

Оқу мерзімі бір жыл. АДРЕС: Петропавл қаласы, ет комбинатының ФЗО мектебі.

ДИРЕКЦИЯ.

Түпкілікті жұмысқа ағаш шеберлері, штукатурлар, жүк тиеушілер, цехта үй сыпырушылар, жүк тасушылар, құрылыста жұмыс істеу үшін түрлі жұмысшылар КЕРЕК.

Жұмысқа қабылдау тәртібі жөнінде Крепостная көшесі, 2-үйге келіп, түсінік алуға болады.

Эстон ССР-і, Йыхви қаласы, Раквере көшесі, 32-үйде тұрушы Соломея Рувимовна Шульман Петропавл қаласында тұрушы Владимир Михайлович Радыгиннен айрылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласындағы 5-участоктік халық сотында қаралады.